

#ӘділеттіҚазақстан

Біздің басты мақсатымыз баршаға айқын. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру және бәріне бірдей мүмкіндік беретін қоғам қалыптастыру. Біз әрқашан бірге болсақ, міндетті түрде мақсатымызға жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150



ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ

6-7

ТҰЛФАТАНУ



МҰРАТ ӘУЕЗОВ – 80

11

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



«БАТАМЕНЕН ЕЛ КӨГЕРЕР...»

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

29.12.2022

Түнде:



-4-6 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

30.12.2022

Түнде:



-4-6 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №155-156 (6291) 29 желтоқсан, бейсенбі, 2022 жыл.

МЕРЕКЕЛІ, БЕРЕКЕЛІ МЕГАПОЛИС

Алматыда Жаңа жыл қалай тойланады?



Мегаполисте Жаңа жылға арналған мерекелік шаралар мен концерттер қаланың әр ауданында өтеді. Алматыдағы мереке тұрғындар мен қонақтарға тамаша көңіл күй сыйламақ.

28

БРИФИНГ

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Аяз атаға жазылған хаттар негізінде дайындалады



Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кешегі брифингте мегаполис волонтерлері Жаңа жыл қарсаңындағы қайырымдылық акциялары туралы айтты.

8

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованы қабылдады.
- Президент «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.
- Қазақстанда жол саласы мамандарының цифрлы банкі құрылады.
- Астана мәслихаты жаңа бесінші ауданның атауын бекітті. Елорданың сол жағалауында «Нұра» ауданы пайда болды.
- Қантар оқиғасы: қаза тапқандардың отбасыларына 1 млрд теңге көмек берілді. 31 адам рақымшылықпен босатылды.
- Қазақстандық әнші Димаш Құдайберген «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері атанды.
- Антикор биыл 600 млрд теңгеден астам заңсыз активтерді мемлекетке қайтарды.
- Елімізде желтоқсанда қарашамен салыстырғанда коронавирус инфекциясымен сырқаттанушылық 2,3 есе өсті.
- Елордада Vinot желісінің алтыншы мектебі іске қосылды. Оқу орны халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың есімімен аталды.
- «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша 487 квота бөлінді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Сенаторлар кеңесінің отырысы өтті. Іс-шара барысында Әділетті Қазақстан құру жолындағы маңызды міндеттер кеңінен талқыланды.

«Президентіміз еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік даму басымдықтарын белгілеп берді. Оның бәрі Мемлекет басшысының сайлау алдындағы бағдарламасында нақты көрсетілген. Ең басты мақсат – заң үстемдігі салтанат құрған әділетті мемлекет құру. Осы жолда бүкіл қоғам болып жұмылып, бірлесіп жұмыс істеу аса маңызды», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Спикер қасиетті қаңтар оқиғасына тоқталып, жыл басында тәуелсіздік алғалы бұрын-соңды болмаған сынақпен бетпе-бет келгенімізді айтты. Мемлекет басшысының батыл әрі уақытылы қабылдаған шешімдерінің және халықтың қолдауының арқасында еліміз ол қиындықтарды еңсере білді. «Елімізде жүргізілген конституциялық реформаның маңызы зор. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік күшейе түсті. Мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге баса мән берілуде. Конституциялық реформаны іске асыру мақсатымен тиісті Конституциялық заңдар қабылданды. Бұл ретте адам құқықтарын қорғау институттарын жетілдіруге үлкен көңіл бөлінгенін атап өткен жөн», – деді Төраға.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында биылғы заң жобалау жұмыстары жоспарының орындалу барысы және 2023 жылға арналған жоспардың жобасы қаралды.

Әділет министрі Қанат Мусин 22 заң жобасының төртеуіне Мемлекет басшысы қол қойғанын, тоғызы Парламенттің, тағы тоғызы Үкіметтің қарауында екенін айтты. Үкіметтің қарауындағы заң жобаларын желтоқсан айының соңына дейін Парламентке енгізу жоспарланып отыр. Осылайша осы жылдың жоспары толық көлемде орындалмақ.

Оның айтуынша, 2023 жылға арналған жоспар 24 заң жобасын әзірлеуді көздейді. Оның 13-ін Парламентке бірінші жартыжылдықта, тағы 11-ін екінші жартыжылдықта енгізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, жекелеген заң жобалары Ведомствоаралық комиссия мақұлдағаннан кейін жоспар жобасына, оның ішінде Бюджет кодексіне, Қала құрылысы кодексіне, масс-медиа мәселелері жөніндегі заң жобасына және басқаларға енгізілетін болады.

■ МИНИСТР

Орталық коммуникациялар қызметі алаңында ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Айжан Есмағамбетова КВИ-дің таралуына байланысты қолданыстағы шектеулер туралы айтып өтті. Оған сәйкес, R көрсеткіші 1-ден жоғары тіркелген кезде өңірлер жасыл аймақта орналасқан кезде халық көп жиналатын жерлерде бетперде тағу ұсынылады.

Спикердің айтуынша, Қазақстанда желтоқсан айында қараша айымен салыстырғанда сырқаттанушылықтың 2,4 есе өсуі байқалады. Тәулігіне 300 жағдайы тіркелуде. КВИ-ге қарсы ревакцинация әлі де инфекциядан қорғандық жалғыз тәсілі болып отыр. Республикада халықты вакцинациялау және ревакцинациялау жұмыстары жалғасуда. ҚР денсаулық сақтау вице-министрі Айжан Есмағамбетованың мәліметінше, алғашқы ревакцинацияны 5,7 млн адам немесе егілуге тиісті халықтың 70%-ы, қайта ревакцинацияны – 1,2 млн-адам немесе егілуге тиісті халықтың 55%-ы алды.

«Бірінші ревакцинациямен күніне орта есеппен 2500 адам, қайта ревакцинациямен – 4500 адам егіледі. Коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациямен күніне орташа 100 астам адам егіледі. Қазіргі уақытта Қазақстанда халықты вакцинациялау және ревакцинациялау үшін вакциналардың 3 түрі бар: Казвак, Sinofarm және Pfizer», – деді спикер.

■ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

2020 жылдан бастап табысына қарамастан көпбалалы отбасыларға – төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студенттері бар көпбалалы отбасыларға жәрдемақы төленіп келеді.

Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Назгүл Сағындықова Орталық коммуникациялар қызметі алаңында хабарлады. «Төлем мөлшері балалар санына қарай сараланады: биыл төрт бала үшін 50 975 теңге, бес баласы бар отбасыларға 63 727, алты баласы бар отбасыларға 76 479, жеті балаға 89 231 т.с.с. Сондай-ақ, көпбалалы отбасыларға бюджеттен 337 млрд теңге қарастырылған, оны орта есеппен шамамен 498 мың отбасы алды. Көпбалалы аналардың беделін арттыру үшін «Алтын алқа» және «Күміс алқамен» марапатталған көпбалалы аналарға табысына қарамастан төленетін мемлекеттік жәрдемақы да тағайындалады. Қазіргі уақытта оның мөлшері 20 352 теңгені құрайды. Бүгінгі күні 229 мың анаға жәрдемақы тағайындалып, оларға 55,8 млрд теңге берілді», – деді вице-министр.

■ ЗЕЙНЕТАҚЫ

2022 жылдың 11 айында қазақстандықтарға 2,7 трлн теңгеден астам сомаға зейнетақы төленді. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі ҚР ЕХӘҚМ сілтеме жасап хабарлады.

2022 жылғы қарашада республикалық бюджеттен зейнетақы төлемдеріне 245,9 млрд теңге, оның ішінде базалық зейнетақыны төлеуге – 74,9 млрд теңге, ынтымақты зейнетақыны төлеуге – 171 млрд теңге бөлінді. 2022 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша зейнеткерлер саны – 2 млн 276 мың адам.

2022 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері (базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) 108 960 теңге болды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде ынтымақты зейнетақыны есептеу үшін қолданылатын ең жоғары табыс мөлшерін 46-дан 55 АЕК-ке дейін ұлғайту көзделген. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері келесі жылы 40 567 теңгені құрайтын, яғни ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты, сондай-ақ ең төменгі мөлшердің ең төменгі күнкөріс деңгейінен 54%-дан 60%-ға дейін ұлғаюына байланысты арттырылатын болады. Осылайша базалық зейнетақы төлемін ескере отырып, зейнетақылардың ең төменгі мөлшері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 68 223 теңгеден (2022 жылы) 77 417 теңгеге дейін артады.

ҚОҒАМДЫҚ ҚОР

ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ КӨЛЕМІ
1,1 млрд теңге

Қаңтар оқиғасы кезінде қаза тапқандардың отбасыларына материалдық көмек төленді.

Бұл туралы «Бүгінгі күні «Қазақстан халқы» қоғамдық қоры қаңтар оқиғасы кезінде қаза болғандардың отбасыларына 1,1 млрд теңге көлемінде материалдық көмек көрсетті», – деп хабарлады Бас прокуратура өкілі.

Олардың дерегінше, қаңтар оқиғасы кезінде барлығы 238 адам қаза тапқан. Оның 219-ы бейбіт тұрғын, ал 19-ы құқық қорғау органдарының қызметкері болған. Сондай-ақ, айтылған оқиға кезінде 34 өрт сөндіруші, 16



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

медицина қызметкері мен 8 құтқарушы дене жаракатын алған.

«Сотқа барлығы 673 қылмыстық іс жолданды, олар бойынша 1222 адам сотталды. Нақты айт-

қанда, 160 адам бас бостандығынан айырылды», – деп атап өтті Бас прокуратура өкілі.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

РЕЙД

АБАЙЛАҢЫЗ, ҚАУІПТІ!



Жаңа жыл мерекесін қарсы алған жұрт Алматы аспанына көз тігіп, көңіл қуантарлық түрлі-түсті отшашуды тамашалағанды жақсы көреді. Әйтсе де, оны қолданудың өз ережелері мен тәртібі болатынына кейбіріміз мән бере бермейтініміз рас.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Төтенше жағдайлар департаменті жаңажылдық мерекелерді өткізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 25 желтоқсаннан бастап қалалық Полиция департаментімен бірлесіп пиротехникалық бұйымдарды рұқсатсыз сату орындарын анықтау бойынша бірлескен іс-шаралар жоспарын әзірлеген болатын.

Төтеншеліктердің айтуынша, қалада 31 желтоқсан мен 5 қаңтарға дейінгі аралықта 10-нан 15-ке дейін өрт жағдайы тіркеліп, оның 18%-ы пиротехникалық бұйымдарды қолдану салдарынан орын алады.

Бүгінде қала аумағында «Пиротехника» жедел-алдын алу іс-шарасы аясында Алматы қаласы ТЖД және ПД қызметкерлері пиротехникалық бұйымдарды өткізу орындары бойынша рейдтік іс-шаралар өткізілуде. Нәтижесінде пиротехникалық бұйымдарды

сату ережелерін бұзған 23 адамға әкімшілік шара қолданылып, ҚР заңнамасының талаптарына сай келмейтін 262 жиынтық (200 келіден астам) пиротехникалық бұйымдары тәркіленді.

Жазым деген аяқасты. ТЖД Алматы тұрғындарының пиротехникалық өнімдерді қолдану кезінде төмендегі ережелерді қатаң сақтауға шақырады.

Пиротехникалық өнімдерді сатып алғанда, орамының тұтастығына және оның жарамдылық мерзіміне назар аударыңыз;

- 14 жасқа дейінгі балаларға пиротехниканы өз бетімен қолдануға жол бермеңіз;
- пиротехниканы қолдану кезінде өнімді өзіңізден алыстау ұстаңыз;
- қауіпті аймақ радиусында (50 метр), (ағаш шоқтары, сызықтар, отшашулар бағытын өзгерте алатын электр желілері) пиротехниканы ұшыруға ешқандай кедергі жоқ екеніне көз жеткізіңіз;
- өнімді қатты желде қолданбаңыз;

- пиротехникалық өнім жарамсыз болған жағдайда, екінші қайтара іске қоспаңыз;
- ракета мен отшашуды адамдарға қарай бағыттамаңыз және аяқтарының астына лақтырмаңыз.

Шыршалар мен олардың эшекейлерін орнату кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында төмендегі ережелерді ескеру қажет:

- ағаштар орнықты негізге орнатылып, үй-жайдан шығуға тосқауыл болмауы керек;
- шыршаның бұтақтары қабырға мен төбеден кем дегенде 1 метр қашықтықта орналасуы қажет;
- трансформаторсыз электр желісін пайдаланған кезде кернеуі 12 Вольтке дейінгі шамдарды қолданыңыз. Шамдардың рұқсат етілген қуаты 25 Ваттан аспауы керек;
- егер жарықтандыру кезінде ақаулық анықталса (сымдардың қызуы немесе ұшқын шығару), онда гирляндты дереу электр желісінен ажыратыңыз;
- зақымданған немесе қорғаныш қасиеттерін жоғалтқан, өрт тудыруы мүмкін жарамсыз электр желілерін пайдаланбаңыз.



2022 жыл қорытындысы: ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

Primeminister.kz:
маңызды оқиғалар мен жетістіктер

● БІЛІМ БЕРУ

Жыл басынан бері республикада 37,7 мың балаға арналған 453 балабақша ашылды, нәтижесінде 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту үлесі 98,4%-ға жетті. Сонымен қатар, 10 желтоқсандағы жағдай бойынша, 106 мың оқушыға арналған жаңа 201 мектеп ашылды. Биыл Президенттің тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қабылданды. Оның аясында 2025 жылға дейін 842 мың балаға арналған мүлдем жаңа форматтағы 400-ден астам мектеп салу жоспарланып отыр, олар қажетті оқу жабдықтарымен, пән кабинеттерімен, компьютерлік сыныптармен, зертханалармен және шеберханалармен, бейнебақылау және дыбыстық ескерту жүйелерімен, балаларға арналған жеке шкафтармен және т.б. толықтай жабдықталады. Мұндай мектептер бірыңғай стандарт бойынша салынады. Жайлы мектептерде ерекше білім алуға қажеттілігі бар балаларға жағдай жасалмақ. Ұлттық жобаның арқасында орын тапшылығын болдырмау, апатты және үш ауысыммен оқытатын мектептерді жою жоспарланып отыр. Сонымен қатар, мұғалімдерді даярлау және біліктілігін арттыру жұмыстары жалғасады. Жалпы, 2026 жылға қарай 100 мыңға жуық маман даярланады деп күтілуде.

● ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Биыл елімізде жаңадан 87 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысаны ашылды, олардың қатарында 4 емхана, 5 алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығы, 24 дәрігерлік амбулатория, 11 фельдшерлік-акушерлік пункт және 43 медициналық пункт бар. Бұл нысандардың көп бөлігі ауылдық жерлерде ашылды. Сонымен қатар, ауыл тұрғындары үшін профилактикалық тексерулер енгізілді, 49 тұқым қуалайтын ауруларды анықтау үшін жаңа туған нәрестелерді скринингтен өткізу бойынша пилоттық жоба іске қосылды, балаларды кәсіби тексеру пакеттері кеңейтілді, «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» медициналық пойыздарының

жұмысы қайта жанданды, олар 147 станцияға барып, шалғайдағы елді-мекендердің 77 мыңнан астам тұрғынына медициналық көмек көрсетті.

Жалпы, еліміз бойынша жедел жәрдем 4 млн-ға жуық шақыртуды қамтамасыз етіп, медициналық авиация 1 мыңнан астам рейс орындады, стационарларда 1,5 млн-ға жуық науқас емделді, 350 мыңнан астам ота жасалып, 200 мыңға жуық әйел босанды.

Сонымен қатар, мемлекет есебінен 18 мыңнан астам күрделі медициналық қызмет (80 түрі) және 1 млн-нан астам қымбат медициналық қызмет көрсетілді. Гамма-пышақ және ядролық медицина орталығында 300-ден астам жоғары технологиялық ота жасалды, 400-ге жуық пациент емделді. Нәтижесінде жалпы өлім-жітім өткен жылмен салыстырғанда 28%-ға, ана өлімі 3,5 есе төмендеді. Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім көрсеткіші шамамен 32%-ға, қатерлі ісіктен 9%-ға, жарақаттан 4%-ға, тыныс алу органдарынан 33%-ға, туберкулезден болатын өлім-жітім 17%-ға төмендеген.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» атты жаңа ұлттық жоба бекітілді, оның аясында 2026 жылға дейін 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанын салу, реконструкциялау және жарақтандыру, 12 аурухананы жаңғырту және 20 жаңа көпсалалы аудандық аурухана ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, 2023 жылы онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі үш жылдық кешенді жоспарды іске асыру басталады.

● АЗАМАТТАРДЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ

Биыл 3 млн-нан астам адамның, оның ішінде дәрігерлердің жалақысы 30%-ға, мұғалімдердің жалақысы 25%-ға, бюджет саласының басқа қызметкерлерінің жалақысы 20%-ға, өндірістік қызметкерлердің жалақысы 10–50%-ға өсті. Сонымен қатар, Бағдарлама аясында 583 мың жаңа жұмыс орны құрылды, ал бастапқыда 444 мың

2022 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ДАМУЫ

ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ



3 МЛН-НАН АСТАМ АДАМНЫҢ
ЖАЛАҚЫСЫ ӨСТІ, АТАП АЙТҚАНДА:



ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ
ЖАЛАҚЫСЫ
30%-ҒА



БЮДЖЕТ САЛАСЫНЫҢ БАСҚА
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ
20%-ҒА



МҰҒАЛІМДЕРДІКІ
25%-ҒА



ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
ЖАЛАҚЫСЫ 10-50%-ҒА
КӨТЕРІЛДІ

583 МЫҢ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ ҚҰРЫЛДЫ,
ЖОСПАР 444 МЫҢ БОЛАТЫН (ӨСІМ – 31%)

ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ 2 ЕСЕ ӨСТІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ
БОЙЫНША АЛДАҒЫ БЕС ЖЫЛДА АУЫЛ
ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ БОЙЫНША
ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУҒА 1 ТРЛН ТЕҢГЕ БӨЛІНЕДІ

жұмыс орнын құру жоспарланған болатын, яғни жоспар 31%-ға асыра орындалды.

Сонымен қатар, биыл ғалымдардың жалақысы 2 есе ұлғайып, ғылыммен айналысатын жас мамандарды қолдауға 1000-нан астам грант бөлінді. Дарынды ғалымдарға (35 жасқа дейін) жыл сайын 50 мемлекеттік ғылыми стипендия беріледі, ал 2023 жылы студенттер стипендиясының көлемін ұлғайтуды жалғастыру жоспарланып отыр.

Ауылдарда ел халқының шамамен 40%-ы тұрады, осыған байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша таяу бес жылда шағын несиелендіруге қолжетімділікті кеңейту арқасында ауыл тұрғындарының табысын ұлғайту жөніндегі жобаға 1 трлн теңге бөлінеді.

Жоба Жамбыл облысында сәтті сыналды, енді 1 млн-нан астам ауыл тұрғындарын қамту үшін оны еліміздің барлық өңірінде қолдану үшін жұмыс жүргізілетін болады. Нәтижесінде барлық жеке үй шаруашылығының жартысы ауыл шаруашылығы кооперациясына тартылады, сондай-ақ 350 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады. Келесі жылы бұл мақсаттарға 70 млрд теңге қарастырылған.

● МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Бүгінгі таңда шамамен 2,2 млн зейнеткер бар, ал мемлекеттік жәрдемақы алушылар саны – 1,8 млн адам. Биыл 140 мыңнан астам отбасына немесе 724 мыңнан астам адамға (оның ішінде 465,5 мың бала және 61 мың көпбалалы отбасы бар) атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы 378 мыңнан астам балаға кепілдендірілген әлеуметтік пакет тағайындалды. Келесі жылы 4,4 млн адам 4,6 трлн теңгеге ұлғайтылған әлеуметтік төлем алады. Бұл бағытта «Отбасының цифрлық картасын» енгізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр, ол проактивті форматта белгіленген әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктер беру арқылы қазақстандық отбасылардың әлеуметтік тәуекелдерінің алдын алу жүйесінің негізіне айналады. Оны пилоттық іске асыру шеңберінде 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 26 мың азаматқа әлеуметтік төлемдер тағайындалды.

Сонымен қатар, ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша елімізде бала күтімі бойынша ақылы демалыс мерзімі бір жері жылға дейін ұзартылады. Бүгінгі таңда төлем мөлшері соңғы екі жылдағы орташа айлық табыстың 40%-ын құрайды. Екі және одан көп бала туған кезде төлем әрбір балаға жеке тағайындалады. Бала өмірге келгеннен кейін республика азаматтарына автоматты түрде біржолғы жәрдемақы түседі: бірінші, екінші және үшінші балаға – 38 АЕК (110 мың теңгеден астам) және төртінші балаға – 63 АЕК (150 мың теңгеден астам). Сондай-ақ, мемлекет азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын тұрақты негізде іске асырады және жетілдіріп келеді. Биыл осы жұмыс аясында 900 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде 250 мың жас бар. 2023 жылы шамамен 1 млн адамды жұмысқа орналастыру жоспарланып отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

**2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ
«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ**

**ПРЕЗИДЕНТ Қ. ТОҚАЕВТЫҢ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА
«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ**

**2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН 842 МЫҢ ОҚУШЫҒА
АРНАЛҒАН ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ 400-ДЕН
АСТАМ МЕКТЕП САЛЫНАДЫ**

МЕКТЕПТЕРДІ ЖАБДЫҚТАУ

- ЗАМАНАУИ ИНТЕРЬЕР
- БЕЛГІЛІ БІР ПӘНГЕ АРНАЛҒАН АРНАЙЫ КАБИНЕТТЕР, КОМПЬЮТЕРЛІК СЫНЫПТАР, ЗЕРТХАНАЛАР ЖӘНЕ Т. Б.
- БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ДЫБЫСТЫҚ ЕСКЕРТУ ЖҮЙЕЛЕРІ
- ӘР ОҚУШЫҒА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚТАР МЕН ЖЕКЕ ЗАТТАРДЫ САҚТАЙТЫН ШКАФ
- МЕКТЕП САЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ СТАНДАРТЫ
- БАСТАУЫШ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН БӨЛЕК БЛОКТАР
- ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУҒА ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЙЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛМАҚ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

- ЖАҢА 87 АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ КӨМЕК НЫСАНЫ АШЫЛДЫ
- ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТІ 4 МЛН ШАҚЫРТУҒА БАРДЫ
- МЕДИЦИНАЛЫҚ АВИАЦИЯ 1 МЫҢНАН АСТАМ РЕЙС ОРЫНДАДЫ
- ШАЛҒАЙДАҒЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ 77 МЫҢ ТҰРҒЫНЫНА «ЖӘРДЕМ» ЖӘНЕ «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» ПОЙИЗДАРЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ
- ЖАҢА ТУҒАН НӘРЕСТЕЛЕРДІ 49 ТҰҚЫМ ҚУАЛАЙТЫН АУРУҒА ТЕКСЕРУ БОЙЫНША ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ
- ЖАЛПЫ ӨЛІМ-ЖІТІМ 2021 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 28%-ҒА ТӨМЕНДЕДІ
- АНА ӨЛІМІ 3,5 ЕСЕ АЗАЙДЫ



2022 ЖЫЛ: АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

АЛМАТЫНЫҢ КЕЛБЕТІ

жыл өткен сайын ажарланып келеді

Міне, тағы бір жылды аяқтап, жаңа жылды қарсы алатын уақыт та келді. Санаулы күндерден кейін ескі жылмен қоштасып, жаңа жылды қарсы аламыз. «Almaty aqshamy» газеті шаһар шаруашылығы мен тұрғын үй саласында атқарылған жұмыстарға қысқаша шолу жасады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ҮЛКЕН АЛМАТЫ АЙНАЛМА ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

Байқасаңыз, қалада еңселі ғимарат, әсем тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар көбейген. Қала аумағы ұлғайып, халық саны көбейген соң, кейіннен қосылған елдімекендердегі жолдар іргелі көшелерге



айналды. Әлбетте, мұның барлығы қала жұртшылығының жұдырықша жұмылған ауызбіршілігінің, мемлекетте қаралып,

қала билігінің бөлген қаражатының арқасы. Қалалық мобильділік басқармасы мамандарының айтуынша, бүгінгі Алматы-

ның көше-жол желісінің ұзындығы 3096 шақырымды құрайды. Оның 234 шақырымында қатты жабыны жоқ. Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесінің көрсеткішін 95%-ға дейін жақсарту үшін 2025 жылға қарай 290 км жаңа жол салу, жыл сайын ұзындығы кемінде 200 км жолдарға орташа жөндеу және 350 мың шаршы метрден астам асфальтбетон жабынына ағымдағы жөндеу жүргізу жоспарлануда.

Жолға қатысты ең басты жаңалықтардың бірі – биыл Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының құрылысы аяқталды. Қазіргі уақытта абаттандыру және жол ақысын алу жүйесі орнатылып жатыр. Алматы облысының Қарасай, Іле және Талғар аудандарындағы 14 елдімекен арқылы өтетін тас жол 2023 жылы пайдалануға беріледі. Қаскелең маңындағы «Қырғауылды» ауылынан басталып, Талғар жанындағы «Қызылқайрат» ауылында аяқталатын ҰАААЖ жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, мегаполис көшелеріндегі кептелісті азайтуға, сондай-ақ, экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛДЫ

Алматының инфрақұрылымын жүйелі түрде дамыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл ретте қала әкімі Ерболат Досаевтың ай сайын шаһар тұрғындарымен әрбір кездесуі осындай халыққа қажетті түйткілді мәселелердің шешілуіне ықпал етті. Әкіммен кездесуде тұрғындар көбінесе жолдарды жөндеу, кәріз және электр желілерін абаттандыру және ауызсу, т.б. мәселелерді көтерді. Бүгінде тұрғындар өтініші бойынша атқарылған шаруа баршылық. Мәселен, Әуезов ауданындағы кездесуде тұрғындардың «соңғы 5 жылда салынған тұрғын үй кешендеріндегі аулаларға көптің көңілі толмайды. Әсіресе, балалар алаңы мен скверлер сапасыз орнатылып, абаттандыру жұмыстары ақсап тұр» деген шағымын қала әкімі ескерусіз қалдырмай, жауапты мамандарға бірден тапсырма жүктегенді. Аудан басшылығы мекенжайларға арнайы барып тексерулер жүргізгеннің нәтижесінде, айтылған мекенжайлардағы аулалар қайта абаттана бастады. Айта берсек, қала аумағында мұндай мысалға келтіретін жұмыс көп. Солардың біразы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асуда. Мәселен, соңғы үш жылда қаламызда аула, сквер балалар мен спорт алаңдарын абаттандыруға бағытталған 500-ден астам жоба іске асырылған. Бұл көз де, көңіл де қуанатын жайт.

БАСПАНА – БАСТЫ ҚАЖЕТТІЛІК



Баспанамен қамтамасыз ету мәселесі – күн тәртібіндегі өзекті тақырыптардың бірі. Бұл мәселе Алматыда да өзекті. Осыған орай бүгінде Алматыда тұрғын үй құрылысы қарқын алып, заманауи талаптарға сай келетін зәулім ғимараттар бой көтеруде.

«Алматыда күрделі жөндеуді қажет ететін 1500-ге жуық апатты үй бар. Сондықтан шағынаудандардағы ескі үйлерге күрделі жөндеу жүргізу қажет. Ал жаңғыртуға келмейтін үйлер сүрілуі тиіс». Алматы жұртшылығымен кездесуінде Мемлекет басшысы әкімдікке осындай тапсырма берген еді.

Бүгінде Президент тапсырмасына орай Алматы әкімдігі азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үй мәселесін шешуге бюджеттен қосымша қаражат бөлді. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров мәслихаттың кезекті сессиясында мәлімдеді. Оның айтуынша, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жергілікті бюджеттен 30 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінген. Сондай-ақ, бұл шара апатты жағдайдағы, сондай-ақ «қызыл сызықтың» бойында орналасқан үйлердің тұрғындарын жергілікті бюджет есебінен көшіруге мүмкіндік бермек. Одан бөлек, тұрғын үй тапшылығын азайту аясында әлеуметтік көпқабатты тұрғын үй кешендерін салуға шамамен 30 млрд теңге бөлу қарастырылған. Қала тұрғындарының арасында «Алматы жастары» және «Бакытты отбасы» тұрғын үй бағдарламалары ең көп сұранысқа ие. Осыған орай, қала әкімі Ерболат Досаев бұл бағдарламаларды қаржыландыруды жалғастыруды тапсырды. «Алматы жастары» тұрғын үй бағдарламасын қаржыландыруға қосымша 670 млн теңге бөлу жоспарлануда. Ал «Бакытты отбасы» бағдарламасы бойынша кезекте тұрған 200 адамға жеңілдетілген несие беру үшін 3 млрд теңге көлемінде қаражат бөлу көзделген. Осылайша тағы 50 жас отбасы мен кезекте тұрған 200 адам жеңілдетілген несие алады.

Айта кетейік, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатындағы салынып жатқан тұрғын үйлер негізінен Алатау, Наурызбай, Түрксіб аудандарында бой көтеруде.

Бүгінде қалада тұрғын үй құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Бірақ ол алматылықтардың барлығын баспанамен қамти алмайды. Соған қарамастан, әкімдіктің мәліметінше, 2022 жылдың соңына қарай кезекте тұрған азаматтарға 5,5 мыңнан астам пәтер кілті табыс етіледі. Оның ішінде төрт мыңға жуық пәтер – жеңілдетілген несие бойынша, 1451 пәтер – сатып алу құқығынсыз жалға берілетін мүлік ретінде пайдалануға беріледі. Әлбетте, мұндай ауқымды істер Алматы халқының тұрмыс-тіршілігі деңгейін көтере түседі.

P.S. Алматыдай алып шаһардың тыныс-тіршілігі жоғарыда айтылған үш мәселемен шектелмейді. Атқарылған жұмыстар жайындағы шолудың жалғасын газетіміздің келесі санында да жариялайтын боламыз.





ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Сәт **ТОҚПАҚБАЕВ**,
қоғам қайраткері:

Сабақ алатын оқиға



Ел тарихында қара сызат қалдырған қаңтар оқиғасы қанша уақыт өтсе де ұмытылмайды. Қаза тапқан бауырларымыздың рухына құрмет ретінде қойылған «Тағым» мемориалы осы оқиғаның ескерткіші.

Жас ұрпақ осы жерге келіп, ақылды адамдарымыздың, кемеңгерлеріміздің сөзін оқып, өмірлік сабақ алар деп ойлаймын. Бабаларымыздың айтып кеткен даналық сөздері жастарымыздың жанында сақталса екен. Өскелең ұрпақ тарихқа үңіліп, адам қаны төгілген оқиғалардың қайталануына жол бермейді деп үміттенеміз.

Ең бастысы, еліміздің Тәуелсіздігі мәңгілік болсын! Қандай қиындықтарға, кедергілерге қарамастан еліміз алға ұмтылып келеді. Халқымыздың ынтымағы берік, бірлігі бекем бола түсетініне сенемін. Өткенге салауат айтып, азат елімізді болашақ ұрпаққа аманат етеміз.



Сағидолла **СИҚЫМБАЙҰЛЫ**,
Ұлттық қауіпсіздік қызметінің ардагері,
отставкадағы полковник:

Қиын күндер артта қалсын

Алматы төрінен ашылған «Тағым» мемориалын көріп, жүрек тебіренді. Күні кешегі қаңтар оқиғасын ұмыта қоймадық, содан да болар, көңілді мұң басты бір сәт. Мемориал сол сәттерді көз алдымызға әкелгендей. Демек, бұл кешен бізге өткенді ұмытпауды, одан сабақ алуды үндеп тұрғандай.

«Тағым» өзгеше туынды болып шыққан екен. Іргелі кешеннің түрлі түсті стеллаларға бөлінгені үлкен шығармашылық ізденісті байқатады. Қара түсі айтпаса да түсінікті, жыл басындағы қаралы күндердің дүрбеленін беріп тұрғандай. Ал ақшыл сұр бөлігі сол қиын күндерді еңсеруді білдірсе керек. Сәулетшілер сұр бөлігінде қаңтар оқиғасында құрбан болған отандастарымызға тағым көрсеткендей әсерде болдым. Ал ақ түс жақсылыққа ұмтылатынымызды көрсеткендей. Иә, авторлардың шешімі ұнады. Ондағы елге белгілі тұлғалардың қашап жазылған әр сөзі үлкен-кішінің көкейінде жүруге тиіс деп ойлаймын.

Еліміздің алтын бесігі – Алматыны алдағы уақыттары тек жақсы қырынан көргіміз келеді.

Айгүл **ЖАНСЕРІКОВА**,
Qazaq-Oper Ұлттық ассоциациясының президенті:

Бейбітшілік пен бірлік болсын!

Алматыда қаңтар оқиғасының құрбандарына «Тағым» мемориалы ашылды. Оның ашылу рәсіміне Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев мырза арнайы келіп қатысты.

Біз де біраз өнер адамдарымен қосылып гүл шоқтарын қойып қайттық. Мемориал қаңтар оқиғасының эпицентрі болған жер – Республика алаңында орналасқан. Композиция бірнеше стеллалар мен тастардан тұрады. Ол жерде халқымыздың мықты тұлғаларының еліміздің, халқымыздың болашағы туралы терең ойлары, ақыл-сөздері жазылған.

Барлық тезистер халқымыздың бірлігіне, еліміздің тәуелсіздігін, құндылықтарын бағалауға шақырады. Осы мемориал қаңтар құрбандарын еске түсіріп, екінші жағынан халқымыздың батыл да дана екенін көрсетеді. Адамдар келіп жатыр. «Өлі риза болмай, тірі байымас» деп бекер айтылмаған. Елімізде ешқашан қан төгілмесін, бейбітшілік болсын! Бейбітшілік пен бірлік болса, даму да болар!



Жұмажан **ЖАҢБЫРОВ**,
көлік саласының профессоры:


Өскелең ұрпаққа тәрбие



Өтіп бара жатқан Барыс жылы халқымыз үшін сынағын аз берген жоқ. Жыл басындағы қаңтар оқиғасының өзі елді есеңгіретіп тастады. Қоғамдық

тәртіпті бақылап, тыныштықты күзетуге шыққан қаншама жастарымыз жаракат алды, ажал күшты. Әсіресе, кішкентай бүлдіршіндердің қаңғыған оқтың құрбанына айналғаны жүрегімізді ауыртты.

Кешегі қаланың қақ ортасында ашылған тарихи кешен міне, осы оқиғада жазықсыз жапа шегіп, құрбан болғандарға арналады. «Тағым» мемориалы сол қорқынышты күндердің артта қалғанын еске сала отырып, үміт пен жақсылықты да бейнелеп тұрғандай. Тастарға қашалып жазылған ойшылдардың сөздерін оқысаңыз, ел тыныштығының, бірлігінің қандай құндылық екенін түсінесіз. Өз басым, бұл мекен өскелең ұрпақ тәрбие мен тағылым алатын орын болады деп ойлаймын. Келер жыл өз жақсылығымен келсе екен деп тілеймін. Ең әуелі елімізде тыныштық болсын! Бірлігі бекем, ынтымағы зор халықтың іші даудан, сырты жаудан аман болсын!



Дидар **ДІЛДӘБЕК**,
Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушысы:

Тағылымдық маңызы зор

Биыл қаңтар оқиғасына 1 жыл толуына орай, қаза тапқан оқиға құрбандарына арналған мемориал ашылуының куәсі болдым. Аталмыш шараны Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ашып, қаңтар оқиғасы жайында біраз мағлұматтар айтты. Ақ, сұр, қара тастардан жасалған мемориал тақырыбына сай екені білінеді.

Барша жиналған қауым күннің суығына қарамай аралап көріп, мағынаға толы дүниенің алғашқы куәгерлері болды. Осыдан бір жыл бұрын ғана орын алған қаңтар оқиғасында ел үшін қызмет атқарып жүріп қаза тапқандарды ұмытпау біздің міндетіміз. Қала тұрғындары мен қонақтарына мемориал мақсаты айқын дүние болды деп сенемін! Тағылымдық маңызы зор. Ел аман, жұрт тыныш, аспанымыз әрдайым ашық болсын!



Бетгі әзірлегендер Айнұр **СЕНБАЕВА**, Нұржамал **ӘЛІШЕВА**,
Құралай **ИМАНБЕКҚЫЗЫ**.



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ

Ахмет Байтұрсынұлы жылының тағылымдық негіздеріне үңілгенде

Ахмет Байтұрсынұлы – тарихымызда айрықша орны бар бірегей тұлға. Алаш жұртының асыл перзенті халқымыздың тағдыры сынға түскен күрделі кезеңде ерекше қайраткерлік танытты. Шын мәнінде, Ахаңның өмір жолы – ұлтқа қызмет егудің жарқын үлгісі. Арыстарымыздың есімін ардақтап, ұлағатты ісін жалғастыру – халқымыздың қастерлі парызы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2022 жылы Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойын жоғары деңгейде атап өту туралы шешім қабылданған еді. ЮНЕСКО-ның 41-ші Бас конференциясының арнайы қарарымен 2022-2023 жылдарға арналған халықаралық мерейтойлар тізімі қабылданғанда, оған Қазақстанның ұсынысымен ұлт ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы да енген болатын. Сондай-ақ, түркі әлемі кеңістігінде де әйгілі түрколог, Алаш қайраткері А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы ұлықталды.

Естеріңізде болса, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы астанамызда мына суреттегі Алаш арыстарына ескерткіштің ашылу рәсімінде Қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртқан ұлттың ұлы тұлғаларын ұлықтап сөз сөйлеген еді. Президент тұжырымдағандай, Әлихан – Алашорда үкіметін басқарған мемлекет қайраткері. Ахмет – халқымызды білім мен ғылымға жетелеп, рухани ұстаз болған әйгілі ағартушы. Міржақып – ұлт бірлігі ұранына айналған «Оян, қазақ» пен тұңғыш қазақ романының авторы, көрнекті қаламгер. Үш қайраткер де – бірегей тарихи тұлғалар.

Тәуелсіздік жылдарында Алаш идеясы мен Алаш мұрасы түбегейлі қайта қаралды. Жаңа Қазақстан бағдарында Алаш арыстарының есімі қайта жаңғырып, олардың мемлекеттік қайраткерлігі мен халықтың рухын оятудағы жанкешті тарихи рөлі жоғары бағаланды.

2022 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия бекіткен жалпыреспубликалық жоспар аясында ұлт ұстазының шығармашылық мұраларын ха-



Өткен жылы Елордада ұлтымыздың ұлы тұлғалары, Алаш қайраткерлері – Әлихан Бөкейханға, Ахмет Байтұрсынұлына және Міржақып Дулатұлына ашылған еңселі ескерткіш.



Қостанай облысында Алаштың қос алыбы Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлына ескерткіш ашылды.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Жалпыреспубликалық жоспарға сәйкес биылғы ақпан айының соңғы күндері Елордамызда Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын мерекелеудің ресми ашылу салтанаты өтті.
- Ұлт реформаторының туған өлкесі Қостанайда «Ұлттың ұлы ұстазы» атты интерактивті іс-шара ұйымдастырылды.
- Өңірлерде Ахметтану дәрістері ұйымдастырылды.
- Қостанайдағы Жастар сарайында Ахмет Байтұрсынұлына арналған мерейтойдың ашылу рәсімі болды. Салтанатты іс-шара шеңберінде өткен әдеби-сазды кеште Ахаңның ән-күйлері орындалып, өлеңдері оқылды.
- Қостанай өңірінде өткен «Ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияда Ақаңның асыл мұрасы ардақталды.
- Мерейтой аясында Ақаңның туған жерінде Музей үйі және жаңадан кесене салынды. Музей үй осы киелі топыраққа тағзым жасай келген қонақтарға тарихтан сыр шертіп, халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрлерімен таныстырады.
- Торғайда Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының жаңа ескерткіші орнатылды. Қос қайраткердің атындағы әдеби музейі жөндеуден өтті, экспозициясы толығымен жаңартылды.
- Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Ахмет – ұлт ұстазы» республикалық байқауын ұйымдастырды. Мерейтойға белсене қатысқаны үшін Алматы қаласының прокуратурасы «Үздік ұжым» деп танылды.
- Мерейтой аясында Елордада, Алматыда және басқа да өңірлерде ұлт қайраткерінің еңселі ескерткіші орнатылды.
- ЮНЕСКО, ТҮРКСОЙ ұйымдары аясында алқалы жиындар ұйымдастырылды. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған шаралар Франция астанасы Парижде, ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінен бастау алды.
- ЮНЕСКО-ның штаб пәтерінің салтанатты залында өткен «Ахмет Байтұрсынұлы және ренессанстық өркениет» конференциясында «Қазақ өркениеті және Ахмет Байтұрсынұлы» атты бейнеролик көрсетілді. Ғылыми шара қорытындысында қазақ, ағылшын, орыс, түрік тілдеріндегі «Ахмет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» атты жинақтың тұсауы кесілді.
- Ұлт ұстазының 150 жылдық межесі елімізде және шетелдерде кеңінен аталып өтті. А.Байтұрсынұлының көптомдықтары даярланып, тұлғатану экспедициялары ұйымдастырылып, зерттеулер жазылып, деректі фильмдер түсіріліп, ағартушы дүниеге келген мекенде тарихи нысан мен кесене бой көтерді.
- Ахмет Байтұрсынұлының 12 томдық шығармалар жинағы басып шығарылып, таңдамалы еңбектері 4 тілде жарық көрді.
- Қостанай қаласындағы әуежайға Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілді.
- Алты сериядан тұратын «Ұлт ұстазы» телехикаясы көрермен назарына ұсынылды.

лықаралық, республикалық және өңірлік деңгейде насихаттау мақсатында елімізде көптеген ғылыми, мәдени-ағартушылық, ақпараттық-имидждік іс-шаралар қамтылды. Осыған орай, біз ұлт ұстазының мерейтойына орай елімізде жыл бойы атқарылған бірқатар тағылымды шараларды зерделеп көрдік.

ЕЛДІГІМІЗДІ ТАНЫТҚАН МЕРЕЙТОЙ

Қ.Куанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық-драма театрында «Ахмет Байтұрсынұлы – Алаштың рухани көсемі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин қатысып, сөз сөйледі.

«Біз Алаш қайраткерлерінің дара жолынан өнеге алып қана қоймай, оны әрдайым басты бағдар етіп ұстанамыз. Өйткені, Ахаң сияқты жасампаз тұлғалардың еңбегі тәуелсіздік құндылықтарымен тікелей астасып жатыр. «Ел – бүгінгі, менікі – ертең үшін» демейтін бе еді Ахаңның өзі. Біз – сол Ахаң дәл жеткізіп айтқан ертеңде өмір сүріп жатқан және оны болашаққа жалғайтын ұрпақпыз», – деді Мемлекеттік хатшы.

Конференцияда сөз алған ЮНЕСКО-ның Алматы қаласындағы Кластерлік бюросының басшысы Криста Пиккат Ахмет Байтұрсынұлын әлемдік деңгейдегі тұлға ретінде атап өтті. «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл білімінің мәселелері», «Ахмет Байтұрсынұлы және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар» тақырыптарында өткен секциялық отырыстарда 20-дан астам отандық және шетелдік ғалымдар ұлт ұстазына қатысты баяндама жасады. ЮНЕСКО көлемінде тойланған ұлттың рухани көсемінің 150 жылдық мерейтойы елдігімізді танытты.


ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИ ҰСЫНҒАН РЕФОРМАТОР

Алаш ардақтысының ұлттық тіл мен әдебиет салаларын ғылыми негіздеудегі еңбегі өте зор. Қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қамданып, оны пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Араб графикасын қолдану арқылы «Төте жазуды» ұсынды. Ол «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Әдебиет танытқыш» атты еңбектері арқылы қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. «Жаңа емле» атты жаңа әліппе қазірде Қытай, Ауғанстан, Ресей, Ирандағы қазақтардың ұлттық графикасына негіз болып отыр.

ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

Қазақ руханиятының көсемі 1872 жылдың 5 қыркүйегінде қазіргі Қостанай облысының Жангелді ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ұлы Жыланшық өзенінің Ақкөлге құяр сағасында – Сартүбек деген жерде Ахмет Байтұрсынұлының кіндік қаны тамған қара шаңырақ бар. Сартүбек – Байтұрсынның қыстауы болған құтты жер.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш Орда өкіметінің мүшесі, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, педагог, аудармашы, төл әліппеміздің тұңғыш авторы, тұңғыш терминолог, тұңғыш фонетик, тұңғыш лексиколог, тұңғыш әдебиеттанушы, тұңғыш публицист.



**АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

**«Менің арманым –
мүмкіншілігінше қазақ халқының
дәулеттілігін, мәдениетін жоғары
деңгейге көтеру»**

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

- Өркениетті елдерден кейін қалып, көрінгенге жем болып жүргеніміз біліміздің, өнеріміздің жеткіліксіздігінен, оқыса, ілгері кеткен елдер қатарына қосылуға талпынса, қазақ халқы да ешкімге есесін жібермейді.
- Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.
- Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын. Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін.
- Мойындағы борышты білу – білімнің ісі, борышты төлеу – адамишылық ісі.
- Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс: үлкен жұмысқа көп жұмыскер керек.
- Ұлттың сақталуына да жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл.
- Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қыламын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе – ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы.
- Оқусыз халық қанша бай болса да – біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшеді.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.



Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында ағартушы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйіне барды. Мұражай бытыр мемлекет меншігіне қайтарылды, мұнда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілгені белгілі. Президент, алдымен, музейдің «Ұлттық рухтың ұлы тіні», «Қазақ санасының шамшырағы» және «А.Байтұрсынұлының жұмыс кабинеті» залдарындағы жәдігерлермен танысты. Мұнда ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы туралы 500-ге жуық экспонат жинақталған.

● ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

- «Оқу құралы» – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделгендіктен, қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады.
- «Тіл – құрал» атты оқулығы фонетикаға, морфологияға, синтаксиске арналған бөлімдерден тұратын қазақ тіліндегі тұңғыш оқулық және қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі десек, қателеспеспіз. Бұл оқулық қазақ тіл білімі салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу еңбек. Ғалымның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды.
- Ұстаздың «Әдебиет танытқыш» деген еңбегі қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми-теориялық зерттеу болып саналады. Ол әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасауға өз үлесін қосты. Халық тілінің бай қорынан мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді.
- Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңғыртқан оның «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалған. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындыра білді.
- Ахмет Байтұрсынұлы сондай-ақ, орыс әдебиетінің тұлғалары Пушкин мен Лермонтов өлеңдерін қазақ тіліне шебер тәржімалады. Бұл аудармаларға сарапшылар идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар ретінде баға береді.
- 1905 жылы жазылған, 14500 адам қол қойған әйгілі «Қарқаралы петициясы» авторларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы. Онда қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аударуын үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Петиция қазақтардың жерін экспроприациялануын доғаруды талап етті.
- А.Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. 1913–1918 жылы Әлихан Бөкейханмен және Міржақып Дулатұлымен бірігіп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкеліп, халықтың рухын оятты.
- Ахмет Байтұрсынұлы «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуына ығытқы болған тұлғалардың бірі.
- Биыл Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жабық қорынан Ахмет Байтұрсынұлы туралы үш том құжат, деректер шықты. Қазір бұл құжаттардың барлығы зерделеніп жатыр.
- «Тіл-Қазына» ұлттық орталығы Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» мен «Тіл-құралын» тұңғыш рет үш тілге аударды.
- Жыл басынан бері Ахмет Байтұрсынұлының есімі республика өңірлерінде ауылға, 200-ден астам көшеге және 39 мектепке, 1 әуежайға, 1 музейге берілген.



Алматы қаласында Ахмет Байтұрсынұлының сәулетті ескерткіші бой көтерді.

ПРЕЗИДЕНТ НЕ ДЕДІ?

Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойлық жылының тағылымдық негіздерін біз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлт ұстазы жайлы тұжырымдарымен қорытындылауды жөн көрдік:

«Жұртына пайдасы тиетін жұмыстың бәріне Ахат үлес қосқан. Тіпті, бірқатар саланы өзі бастап берген. Ол қазақтың төл әліпбиін жасады, алғашқы әліппемізді құрастырды. Сондай-ақ, оқулық жазып, тіл білімінің негізін қалады. «Қазақ» газетін шығарып, баспасөздің дамуына жол ашты. Арада қанша жыл өтсе де, оның рухани мұрасы жұртының игілігіне жарап келеді. Сол себепті, жұртымыз оны «Ұлт ұстазы» деп ардақтайды. Ахмет Байтұрсынұлы – ағартушы-ғалым ретінде бүкіл өркениетті әлемге танымал. Ол халқымыздың тағдыры сынға түскен күрделі кезеңде ерекше ұлтжандылық танытты. Еліміз бүтін, жеріміз тұтас болуы

үшін өлшеусіз еңбек сіңірді. Қазаққа қызмет ету жолында бар күш-жігерін жұмсады. Ұлт көшбасшысының өмір жолын елді сүюдің жарқын үлгісі деуге болады. Оның ғибратты ғұмыры – өскелең ұрпақ үшін әрдайым өнеге».

«Кезінде Мұхтар Әуезов «Ахаңның қазақ баласына істеген еңбегін, өнер, білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды» деген болатын. Ахмет Байтұрсынұлының ұрпаққа аманат еткен мол мұрасы – қазақтың баға жетпес асыл қазынасы. Бүгінде Ахметтану ғылымына бет бұрып, ғалымның шығармашылығын зерттеп жүрген жастардың қатары көбейіп келеді. Бұл – ұлы тұлғаның ұлағатты жолы ешқашан үзілмейді деген сөз».

«Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек, осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деді. Бұл көзқарас бүгін де өзекті. Біріншіден, ХХІ

ғасырдың ұрпағы терең білімді болған жөн. Екіншіден, жас буынды ерінбей еңбек етуге бейімдеу керек. Үшіншіден, кез келген істі кәсіби дағды арқылы жүзеге асырған дұрыс. Төртіншіден, темірдей тәртіп және жоғары жауапкершілік баршамыздың бойымызда болуы керек. Бесіншіден, әділдіктен айнымаған жөн. Әділдік – қоғам дамуының маңызды шарты. Әділеттілік, әсіресе, ел-жұрттың

тағдырын шешу үшін аса қажет қасиет. Алтыншыдан, бізге керегі – адалдық, ұқыптылық, тиянақтылық.

Бәріміз нағыз қазақты дәл осындай кейіпте көргіміз келеді. Біз сонда ғана бәсекеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптастыра аламыз. Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру».

БРИФИНГ

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Аяз атаға жазылған хаттар негізінде дайындалады

(Басы 1-бетте)

Жыл сайын волонтерлер халықтың әртүрлі санаттарын қамтуға тырысады. Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы «QAMQOR CHARITY» қоғамдық қорының төрайымы, Алматы қаласы әкімі жанындағы жастар кеңесінің мүшесі Бағдат Анарбаева мен Алматы қаласы Жастар ресурстық орталықтарымен жұмыс бөлімінің басшысы Жанар Арнаева тарқатты.

Жаңа жыл алдында еріктілер балалар мен жалғыздікті қарттармен қуанышын бөліседі. Алматының балалар үйінде демеушілердің қолдауымен, Аяз атаға жазылған хаттар негізінде балаларға сыйлықтар беріледі.

«Жаңа жыл – ең алдымен отбасылық мереке. Сондықтан мұнда көптеген волонтерлік ұйымдар мұқтаж отбасыларды құттықтайды, бірақ біздің ұйым бұл мерекені отбасымен бірге тойлауға мүмкіндігі жоқ адамдарға қамтуды мақсат етіп отыр. Сондықтан осы құттықтау аясында негізгі санаттар ретінде біз жалғыздікті зейнеткерлерді, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды таңдадық», – дейді «QAMQOR CHARITY» ҚҚ төрайымы Бағдат Анарбаева.

Спикерлердің айтуынша, «Мейірімділер» клубының бастамасымен кеше Алматы қаласының Ардагерлер үйінде құттықтау акциясы өткен. Концерттік



Суреттерді түсірген Самат СЕРКБАЙҰЛЫ.

бағдарламалар ұйымдастырылып, сыйлықтар табысталған. Сондай-ақ, балаларды құттықтау да басталып кетті, желтоқсанның 30-31-не қарай өз үйлерінде тұрып жатқан жалғыздікті зейнеткерлерді құттықтау жоспарланып отыр.

«Алматыда қайырымдылық іс-шаралары мен құттықтау шараларын өз деңгейінде ұйымдастыратын 30-дан астам ірі волонтерлік ұйым бар. Біздің акцияларымызға 50-ге жуық ерікті қатысуда. Көбіне олар ұйымдастыру сәттерінде, сыйлықтарды таңдау мен сатып алуға көмектеседі», – деді Б.Анарбаева.

Брифинг соңында спикерлер бұл акциялардың жыл сайын өткізілетінін және әр жылы олардың нысаналы аудиториясы өзгеріп отыратынын айтты.

«Біздің акциямызды қаламыздың кәсіпкерлері қолдап отыр. Олар біздің зейнеткерлерге де, балаларға да сыйлық алуға көмектеседі. Акцияларды волонтерлік ұйымдар ұйымдастырады, бірақ демеушілер қаржыландырады. Алматы қаласының әкімдігі өз тарапынан бұл шараларды ұйымдастыруға тұрақты түрде қолдау көрсетіп келеді», – деп түйіндеді сөзін Б.Анарбаева.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ

«Е-ҮМДАУ» БЕЙНЕСӨЗДІГІ

құлағы естімейтін жандар игілігіне арналған

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингке ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Арнайы және инклюзивтік білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының мамандары келді.



Аталған орталықтың аға ғылыми қызметкері, филология ғылымының кандидаты, доцент Алмагүл Сейсенова мен ақпараттық-талдау бөлімінің әдіскері Дәурен Құлтаев ерекше білім беруді қажет ететін балалардың арнайы және инклюзивтік білім алуының өзекті мәселелерін, арнайы білім беру үшін педагог кадрлар даярлау, білім беру қызметтерінің сапасы туралы тарқатты.

Қазіргі уақытта елімізде 462 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істейді. Оның ішінде облыстар мен қалалар бойынша арнайы мектепке дейінгі ұйымдар – 44, арнайы мектеп ұйымдар – 99, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері – 208, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер – 89, оналту орталықтары – 13, autism орталық – 9.

Биыл АИБД ҰҒПО-да «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» атты педагогтардың республикалық тамыз конференциясының пленарлық секциялық отырысы өтті. Орталықтың 30 жылдығына орай арнайы және инклюзивтік білім беруде әлемдік деңгейдегі 23 сарапшылардың, жалпы жиыны отандық ғалымдармен қосқанда 35 спикердің қатысуымен «Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқу процесіне енгізу: тарихы, мәселелері және даму болашағы» атты тақырыпта халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастырды. Халықаралық конференция барысында 267 ғылыми мақала

түсіп, оның 116-сы арнайы электронды жинаққа енді.

Сонымен қатар, спикер Дәурен Құлтаевтің сөзіне сүйенсек, орталықтың бастамасымен «e-Ymdau» тілі бойынша бейнесөздік әзірленген.

– «e-Ymdau» бейнесөздігінің атауының өзі сөзбе-сөз «электронды қимыл» деп аударылады. Қазақстанда қолданылатын ым-шараларды белгілеудің бірлігін көрсетеді. Бейнесөздікті әзірлеу есту қабілетінің бұзылыстары бар балалармен және ересектермен практикалық жұмыста мол тәжірибесі бар Преображенская Наталья Юрьевна, Рыжая Елена Владимировна, Нигматулина Екатерина Мустафаевна, Кемпірбаева Лола Бахтиярқызы сынды ымдау тілі мамандарының, аудармашылардың қатысуымен жүзеге асты. Сондай-ақ, Ахметтаева Каира Диасұлының жетекшілігімен бейнесөздіктің электрондық нұсқасы әзірленді. Бейнесөздіктің сапалық сипаттамалары: ыңғайлылық, тиімділік, ұтқырлық әрі қолжетімділікке ие, – деді Дәурен Құлтаев.

Осы орайда атап өтерлігі, «Арнайы мектептердегі оқу-тәрбие процесінде «e-Ymdau» тілінің бейнесөздігін қолдану» әдістемелік ұсынымдарын Баймұратова Алуа Төлегенқызы (ИАО әдіскері, аға ғылыми қызметкер, пед. ғ. кандидаты) әзірледі. Ұсынымдар бейнесөздіктің сипаттамасын қамти отыра, есту қабілетінің бұзылыстары

бар балаларға арналған арнайы мектептерде оқу-тәрбие процесінде қолданудың ерекшеліктерімен мазмұнын кеңінен аша түседі.

Сондай-ақ, орталық тарапынан «Арнайы және инклюзивтік білім беру салаларындағы ресми атаулар мен олардың қазақ және орыс тілдеріндегі баламалары» тақырыбында ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмыстың нәтижесінде қол жеткен сөздік материалдар дайындалған.

– Бұл арнайы және инклюзивтік білім беру салаларындағы ресми атаулар мен ұғымдардың ерекшеліктері, оларды қолдану заңдылықтары, бірліктердің қазақ және орыс тілдеріндегі баламаларын зерттеуге арналған. Аталмыш тақырыпта жүргізіліп отырған ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмысты жүзеге асыру кезінде отандық заңнамада анықталған кемсіту мағынасындағы атаулар іріктеліп, оларға талдау жасалып, жағымды әрі сауатты түрдегі баламалары ұсынылды. Қол жеткен нәтижелер арнайы, инклюзивтік және жалпы білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдар, ғылыми-практикалық материалдар мен әдістемелік нұсқаулар құрастырып, дайындау барысында негізге алынуы жоспарлануда, – деді спикер әрі осы еңбектің авторы Алмагүл Сейсенова.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА

ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлық қоғамдық өмірдегі ең қауіпті факторлардың бірі болып табылады. Ол мемлекеттің жалпы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына ғана емес, сонымен бірге оның барлық құрамдас бөліктеріне де зиянды әсер етеді.

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер телімін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты жат қылықтар әлі де баршылық. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі ретінде анықталған.

Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаментінде сыбайлас жемқорлық көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленді. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу арқылы жүзеге асырылып отыр. Аталған Жоспарды іске асыру барысында департамент бойынша ағымдағы жылы біраз жұмыстар атқарылды.

Атап айтқанда, Жоспарға сәйкес биылғы жылы жергілікті ақпарат құралдарында 4 мақала жарияланды. Тікелей эфирде жүргізілетін сұхбат аясында департамент басшысының орынбасары Б.Байдүйсенов әдеп жөніндегі уәкілдің қызметі туралы ақпарат берді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жасалатын ішкі талдаудың бір бағыты – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тәуекелі. Бұл тәуекелді азайтудың негізгі құралы көрсетілетін қызметтерді цифрландыру немесе толық электронды форматқа өту. Бұл тарапта департаменттің жұмысы «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі арқылы іске асырылады. Аталған жүйе бюджеттің атқарылу процесіне қатысатын тараптардың бір-бірімен физикалық қарым-қатынасын шектейді, сол арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады.

Қазынашылық органдарында сыбайлас жемқорлық және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстарды күшейту мақсатында департаменттің барлық құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінде жетекшілік ететін орынбасарлардың қатысуымен экономикалық және техникалық оқулар, нормативтік құқықтық актілерді зерделеу жөніндегі түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп отырады, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар талқыланады. Барлық қызметкерлер Қазынашылық комитетінің түсіндірме хаттары мен қазынашылық қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге қол қойып танысады.

Жас мамандарға нормативтік-құқықтық актілерді таныстыру жұмыстары жүргізіліп, олар нормативтік-құқықтық актілерді жұмыста қолдану және жұмыстың тәжірибе-әдістемелік дағдыларын қалыптастыру үшін бөлім басшыларына бекітіледі. Ғимаратта келушілерге қолжетімді орында Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің этикалық кодексінің (Мемлекеттік қызметшінің қызмет этикасының ережесі) мәтіні мен «1494» бірыңғай байланыс орталығының телефоны, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің сайтының электрондық мекенжайы көрсетілген.

Президент өз сөзінде «Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз» деген болатын.

Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен баршамыз бір кісідей атсалысып, күресуіміз қажет.

Е.ҚЫДЫРӘЛИЕВ,
Түркісіб аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕ

6 ЖАСҚА ТОЛҒАН БҮЛДІРШІН балабақшадан шығарылмайды!



Баласы мектеп жасына жақындаған сайын ата-аналардың мазасы қашып жатады. Өйткені, жасы мектеп жасына жақындаған балалардың балабақшаға келуіне рұқсат жоқ болатын. Осыған орай, министрлік 6 жасқа толған бүлдіршіндердің бұдан былай балабақшадан шығарылмай, оқу процесі толық аяқталғанға дейін мектепке дейінгі мекемеде тәрбие алатынын жеткізді.

– Мектепке дейінгі ұйымда бала 6 жасқа толған күннен бастап қаржыландырудың тоқтатылуы, жеткіншектерді мектепке дейінгі ұйымнан және мемлекеттік білім беру тапсырысынан шығару туралы ведомствоның нормативтік-құқықтық актілерінде ондай заңнамалық негіз жоқ, – деді тиісті сала басшылығы.

Еліміз бойынша балабақшадағы тәрбие мен оқыту саласындағы қызмет

нақты белгіленген. Жалпы, балалар контингентін мемлекеттік тапсырыспен қамтамасыз ету және заңнама талаптарын сақтау мәселесі биығы жылдың ақпан, тамыз айларында өткен кеңестерде қаралған еді. Балалар құқығын бұзу және оларды мектепке дейінгі ұйымдардан шығару сияқты фактілер орын алған жағдайда министрлік қатаң шаралар қабылдауға дайын.

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР ПАНОРАМАСЫ – 2022»

Байқау мәреге жетті

Білім саласының сапасын арттыру мақсатында қолға алынып, 5 мыңға жуық педагог қатысқан «Педагогикалық идеялар панорама-сы – 2022» республикалық байқауы өз мәресіне жетіп отыр.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бірнеше ай бойы мұғалімдердің барлығы тәжірибелерін, өз пәнін оқытудың инновациялық және авторлық тәсілдерін видеоға түсіріп, YouTube желісінде бөліскен еді.

Осыған орай, байқауға қатысқандардың арасынан 67 мұғалім жеңіске жетті. Жалпы, аталмыш байқауды «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы жыл сайын өткізіп келеді. Биыл қатысушылар саны алдыңғы жылдармен салыстырғанда шамамен екі есеге көп көрінеді.

КӨШІ-ҚОН

Қонаевқа көшу басталады

Алматы қаласындағы бірнеше оқу орны келер жылы Қонаев қаласына көшуді бастамақшы. Сәтін салса, академиялық қалашық құру мақсатында Алматыдағы жоғары оқу орындарын көшіру басталады.



«Ел Президенті Қонаев қаласынан үлкен академиялық қалашық ашу туралы тапсырма берген еді. Алматы облысының әкімдігімен тұжырымдаманы бірлесе дайындадық. Бұл мақсат үшін қаладан жалпы көлемі 97 гектар жер бөлінді. Ол жер арнайы индустриалдық-өндірістік алаң болады. Келесі жылы бөлінген 97 гектар жерге Алматыдан қалаған жоғары оқу орындарын ақырындап көшіруді бастаймыз», – дейді Саясат Нұрбек.

Әзірге оқу орындарына көшу үшін екі жол ұсынылып отыр. Университеттердің Қонаев қаласына көшуі ерікті түрде жүргізілетін болады. Біріншісі – жатақханамен жабдықтағанда студенттер сол Қонаевта тұрып, сабаққа жедел электр пойыздарымен барып, кешке Қонаевқа қайтады. Екінші – студенттерінің саны жағынан Алматыға мүлдем сыймай жатқан университеттер болса, оларға Қонаевта өз кампусын ашуына болады.

КОНФЕРЕНЦИЯ



Қосымша білімнің келешегі кемел

Биылғы Балалар жылын қорытындылау мақсатында Алматы қаласы Білім басқармасы қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы мен №1 Оқушылар үйінің бірлесе ұйымдастыруымен «Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының жұмысындағы инновациялық бағыттар мен перспективалар» атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті. Аталмыш конференцияның басты мақсаты – қосымша білім беруді дамыту мәселелері мен перспективалары бойынша сындарлы пікірлер алмасып, тың идеяларды ортаға салу болды.

Аталмыш конференция жұмысын қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының тәрбие жұмысы бөлімінің жетекшісі Роза Ақмағанбетова ашып, жүргізіп отырды.

– Бүгінгі таңда елімізде балаларға арналған қосымша білім беру саласы кеңінен модернизациялануда. Оның басты мақсаты – балалар мен жастарды қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси, ғылыми-техникалық, мәдени өміріне белсенді қосу үшін жағдай жасау, бәсекеге қабілеттіліктерін қамтамасыз ету, – дей келе, Роза Ғазизжанқызы өткізіліп отырған жиынның маңыздылығына тоқталып, аталмыш мекеменің Балалар жылында атқарылған жұмыстарына жоғары баға берді.

Сонымен, жиналғандарға үлкен экран арқылы №1 Оқушылар үйі ұжымының атқарып келе жатқан жұмыстары бейнебаян арқылы кеңінен көрсетіліп, мекеме басшысы Дәуірхан Қожахметов қызметкерлерінің жұмыстарымен таныстырды.

Келесі кезекте сөз алған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика» және «психология» институты директорының орынбасары, профессор Ақтоты Ақжолова «қазіргі таңда қосымша білім беру жүйесіндегі өзгерістер жүйелі түрде ғылыми-әдістемелік нұсқаулықтарға негізделініп, сапалы білім беру бағдарламаларын ұсына отырып, педагогтардың кәсіби деңгейін арттыруға бағытталуы керек», – деді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс. Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Мұғалімдерді қазіргідей бес жылда емес, үш жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені, олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс», – деп атап өткен еді.

Шынымен де, ғылым мен техника қарыштап дамыған заманда күнделікті өмірімізге де жылдам өзгерістер мен жаңалықтар еніп

жатыр. Сондықтан мемлекетіміз әлемдік білім кеңістігіне енуді, білім сапасын арттыруды, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруды, қазақстандық білім беру жүйесін халықаралық талаптар деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отыр.

Аталмыш конференцияға алыс-жақын мемлекеттердің қосымша білім беру мекемелері де онлайн түрде қатысып отырды.

– Балаларға қосымша білім беру, ол – үздіксіз білімнің ажырамас бөлігі, негізгі біліммен қатар беріліп, тұлғаның толыққанды дамуына үлкен әсер етуші білім жүйесінің бірізділігі мен нәтижелі көрінісінің айнасы. Осы жоғарыда аталған құжаттар мектептен тыс мекемелердің жұмысын жүйелеуге негізделеді және бүгінгі күні ұйымдастырылып отырған ғылыми-әдістемелік конференцияның өзектілігін айқындап, инновациялық бағыттар мен перспективалар деген тақырыпқа дәл жауап беретін құжат болады деген тұжырым айтуға болады деп ойлаймын, – дейді №1 Оқушылар үйінің басшысы Дәуірхан Қожахметов.

Көптеген жылдар бойы елімізде қосымша білімге мән берілмей келгені жасырын емес. Соның салдарынан көптеген мәселелердің шешімі әлі күнге дейін табылмай келеді. Дегенмен, қазіргі таңда зияткер, дарынды, бәсекеге қабілетті балаларды қалыптастыру үшін педагогтарға зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Осы орайда басқосуда қосымша білім педагогтарының білім қажеттіліктерін анықтау бойынша талдау жүргізу, балаларға қосымша білім беру бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалайтын көрсеткіштер мен индикаторларды әзірлеу, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, педагогтердің біліктілігін жүйелі түрде арттыру мақсатында көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапалы деңгейін қамтамасыз ету мәселелері кеңінен сөз болды. Ең бастысы, қосымша білім беру педагогтарының міндеті – еліміз үшін лайықты азаматтарды тәрбиелеп шығару екені баса айтылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанаткүл ӘБИРОВА, №7 Оқушылар үйі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші:

Өткізіліп отырған конференцияның мақсаты айқын. Қосымша білім беру мекемелерінің мәселелері айтылды. Жақсы жұмыстар сараланып, ортақ тәжірибе алаңына айналды. Біздің №7 Оқушылар үйінің педагогикалық ұжымы нәтижеге бағытталған жүйелі іс-шараларды іске асыру нәтижесінде бәсекеге қабілеттілік дәрежесіне жетті. Қазіргі таңда педагогтарымыз кәсіби және тұлғалық жағынан барынша ізденіп, дамып жатыр. Барлық әлеуеттері мен ресурстарын максималды пайдалана алады. Санат дәрежесіне сай білікті педагог қана емес, ерекше тұлғаны қалыптастыруда. Соңғы уақытта Б.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы бекіткен талаптарға сай авторлық оқу бағдарламаларын жазуды қолға алып жатырмыз. Біздің педагогтарымыз қосымша білім беру саласына тың өзгерістер енгізіп, жаңашылдыққа ден қою, балалар мен ата-аналар сұранысын зерттеу,

үйірме жұмыстарын заманауи талаптарға сай дамыту дегеніңіз – кезек күттірмейтін, жылдам іске асыруды талап ететін жұмыс екенін әрбір жетекші түсінді. Мәселен, 2021-2022 оқу жылында педагогтарымыз үйірме сабақтары бойынша үш авторлық бағдарлама, бір әдістемелік құрал жазып, қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының куәлігіне ие болды.

Сонымен қатар, педагогымыз өзінің оқу бағдарламасына авторлық құқығын патенттеу куәлігін алып, оны республика бойынша таратуға ие болып отыр. Хакім Абай бабамыз айтқандай: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан» демекші, әрбір тәрбиеленуші ол қоғамның мүшесі, дүниенің кірпіші. Сол себепті, №7 Оқушылар үйі өзіндік оқу-тәрбие үрдісінде «Адами капиталды» дамытуға және оларды әлеуеттендіру бойынша маңызды міндеттерді шешуді және жүзеге асыруды алдына мақсат етіп отыр.

**Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.**



ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК СПОРТШЫЛАРЫ

ҒАЛАМДЫ ТАҢДАНДЫРҒАН



5 СПОРТШЫ

2022 жыл ғаламдық спорт аренасында ғажайыпқа толы болды. Оның ең негізгісі – FIFA 2022. Бокста, ережесіз жекпе-жекте, т.б. сайыс түрлерінен атой салғандар жетеді. Әсіресе, бұрын көпшілікке таныла қоймағандардың бір сәтте жұлдызы жанды. Әрине, мұндай жетістіктің артында табаны күректей есіл еңбек жатқаны айқын. Осылайша жеңіске жетіп, жалындай жарқырағандар қатары артты. Барыс жылы талайдың шамын жақты. Сондай-ақ, шырайын кіргізді. Сөйтіп, әлем жұртшылығының алдына жаңа есімдер де танылды. Осы жолғы материалды жылдың үздік спортшыларының құрметіне арнаймыз.

ЛИОНЕЛЬ МЕССИ



Үздік сөзін қолданудың реті бар. Мұны аргентиналық спортшыға қарата айтуға болады. Ол өзінің мансабын әбден жоғарылатқан тұлға. Ол туралы аңыз ғаламға әлдеқашан таралған.

Алтын допты 7 рет иемденіпті. Бірақ мұнымен аялдауды көздемейтін сияқты. Кешегі дүбірлі додада елінің абыройын әлемге паш етті. Оның жанкүйерлерінің қатары көбейіп барады. Кезінде бойының қысқалығына байланысты талай мәрте қағажу көрсе де қайтпады. Бүгінде ол киген футболка, будсы аукционға лайық болып тұр. Бәлкім, бірнеше жыл өткен соң көпшілік оның шеберлігін аңыз етіп айтып, кітап та шығып қалар. Қанша биікке көтерілсе де, өзінің қарапайымдылығынан таймады. Әрқашан сабырлы, бірқалыпты қалпынан айныған жоқ. Осындай мінез-құлқы оған көп жерде жол ашты. Үлгі алатын-ақ қағида деп бағалар едік.

Кім болса да қарапайым болғаны абзал. Барша ғалам көз тіккен жарыста өз-өзін ұстай алмай, абыройын бір сәтте төккендер баршылық. Алайда, Месси әрқашан қарапайымдылық қасиетті жанына серік етті. Ол өзінің бала кезден сүйген қызына үйленді. Отбасында сүйікті жар әрі мейірбан әке. Болашақта әйгілі спортшы атанғысы келсе, осындай азаматтар көпке үлгі болуға лайықты деп есептейміз.

КРИШТИАНУ РОНАЛДУ



Әлем спортында жасындай жарқырағандар көп. Бірақ өз бабында жүргендер саусақпен санарлық. Өмірде бір ғана саланы ұстамай, әр қырлы болып, әмбебаптықтың сан үлгісін танытып жүрген ол – Криштиану Роналду.

Осы бір спортшының өнеріне тәнтіміз. Допты айналдырып соғу. Ойламаған жерден қарсыласын ойсыратып кету, оған тән әдіс. Өзі сымбатты әрі сонысын моделдік бизнесте байқатып келеді. Түрлі жарнамаларға түседі. Бос уақытын отбасымен өткізеді. Әлі күнге дейін аттан түспеді. Көбісі оның отбасы жайлы ақпаратты білгісі келеді. Бұған дейін оның әйгілі сән әлемінің хас сұлуы Ирина Шейхпен көңіл қосқандығын айтып жүрді. Еуропа басылымдары бұл туралы жарыса жазып жатты. Дегенмен, кейіннен Роналду отбасымен түскен фото, видео айғақтар көбейді. Атақты футболшының әзірге әйелі, 4 баласы бар екендігі жайында ғана дерек ұшырасады. Ең негізгісі, үлкен ұлы әкесінің жолын жалғап келе жатқаны анық. Футбол әлемінің жарқын бейнесіне сураныс жетерлік. Оған арабтар қызығуда. Бұдан былай «Аль-Наср» клубына ойысатын көрінеді. Қайда жүрсе де биік белесті бағындырына сенім мол. Ол әлем футбол тарихындағы ең мәшһүр әрі тұр-тұлғасы, дене сымбаты келіскен үздік және аңыз футболшы болып қалары айқын демекпіз.

КИЛИАН МБАППЕ

Ол ең жас үздік футболшының бірегейі. Ол өзінің қарым-қабілетін үнемі шындап келеді. Спорт сарапшылары оны дүниежүзілік футбол аренасында жаңадан жанып келе жатқан шоқжұлдызға балады.



FIFA 2022 талайдың шамын жақты. Кіл мықтылардың арасына ізін басып жаңадан спортшылар шығуда. Франция құрамасы екінші орынды иеленді. Алайда, 23 жастағы жас футболшының жұлдызы жарқырай түсті. Ол кім деп таңданарсыз?! Әрине, Килиан Мбаппе болатын. Бір сөзбен айтқанда, болашағынан үлкен үміт күттіретін нағыз талант, кәдімгі өз саласының шеберіне айналып барады. Оның осы күнге дейін жиған атак-дәрежесі де тәп-тәуір. Ол 2016-2017 жылғы маусымда Франция чемпионатының

үздік жас футболшысы атанды. 2018 жылғы әлем чемпионы және үздік жас футболшы, Францияның жыл футболшысы.

ШАВКАТ РАХМОНОВ



Бүкіл әлем спортының әр саласында өзін танытып, тамсандырып, таңдай қақтыратындар аз емес. Жыл өткен сайын жаңа есімдер, жаңа спорттық тәсілдерді тиімді жетілдіріп жүргендер де бар. Оларға қарап жас буын бой түзеуде. Соның арқасында зиянды әдеттен арылып, жаттығу залдарына ағылып жатқандардың қатары еселеп артуда.

Ғаламторда 2023 жылдың үздік 10 жекпе-жегі деген айдарды көзіміз шалды. Ішінде кім бар екен деген ниетпен қарай бастадық. Нәтижесінде отандасымыз Шавкат Рахмонов барын білдік. Әлемнің үздік файтерлерінің арасында әрі көштің басында батырымызды көріп қуанып қалдық. Бұған дейін оның өмір жолы, спорттық мансабы туралы бірнеше мәрте жазған едік. Бұл жолы оның намысшыл рухын бейнелеуді жөн санаймыз.

Әр халықтың өзіндік ерекшелігі бар. Сонысын спортшылар, мәдениет адамдары дүниеге танытуды көздейді. Дағыстандық ережесіз жекпе-жек майталманы Хабиб Нұрмағанбетов өз ұлтының бас киімі «папаханы» дәріптейді. Әрбір сайыс алдында киіп шығады. Ал Конор Макгрегор өз халқының ұлттық накышын сездіретін әртүрлі нәрсеге әуес. Осындай патриоттар бізде де бар. Ол – Шавкат. Қазақтың бөрігін үнемі басынан тастамай, сегіз бұрышқа киіп жүр. Оны хәм мақтанышпен айтады. Соған лайықты өнер көрсетіп жүр. Бұл да болса, көшпелі мәдениетіміз бен салт-санамыздың айқын көрінісі деп ұғамыз.

Қазақта «болат қайнауда, батыр майданда шынығады» деген аталы сөз бар. Ұлағатты сөздің тамыры тереңде. Сол себепті де, босаңсуға еш негіз жоқ. Егер жеңістің туы біздің тарапқа өтсе, онда отандасымыздың айбыны асқақтай түсері анық. Келер 2023 жылы рейтингтің жоғарғысына көтеріліп, көш бастап та қалар. Қазақ спортының оғланы Шавкат Рахмоновқа жеңістің биік тұғырынан көрінуге шын жүректен тілектестік білдіреміз.

ЖӘНІБЕК ӘЛІМХАНҰЛЫ



Ғалам ғажайыпқа толы. Сол ғажайыпты жасайтын – адам. Оның ерлік істері баршаға үлгі. Ал оған жету жолы оңай түспесі анық.

QAZAQ STYLE дүйім жұртқа танымал брендке айналды. Оны Америка Құрама Штаттарында танымал еткен қазақ – Жәнібек Әлімханұлы. Ол қарапайым ауыл баласы. Талай мәрте спорт залына барды, қатысты, отандық жаттықтырушылардың біліктілігін бойына сіңірді. Олимпиадаға қатысты. Жарыс барысында қолын жарақаттады. Сәл ғана сәттілік жетіспеді.

Дейтұрғанмен, мұқалмады. Көп ұзамай мұхит асты. Сол жақтан менеджер тапты. Бүгінде мұхит асып, көптеген жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Қазақ намысын жекпе-жекте жықпайды. Қандай жағдай болса да, жеңісті жақындатады. Бұл нағыз ерлік. Бір сөзбен айтқанда, қазақтың спортын әлемге танытып жүрген Жәнібектей ерлеріміз аман болсын. Алдағы уақытта Қазақ елінің атын айдай әлемге одан да таныта түседі деген ниеттеміз.



● ТҮЙІН:

Жалпы, қандай жарыс болмасын ең бастысы, қажырлы еңбек қажет сияқты. Онсыз алға ілгерілеу мұн. Бұған дәлел – жоғарыдағы спортшылардың жарқын жеңістері мен жетістіктері деп білеміз.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



МҰРАТ ӘУЕЗОВ – 80

Белгілі мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, қаламгер, мемлекет және қоғам қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты, ҚР Журналистика академиясының академигі Мұрат Мұхтарұлы Әуезов асықпай, аптықпай, аяңдай басып, 80-нің төріне шығып келеді.

Ол кісі біздің Alatau Aqparat медиахолдингіне жиі келіп тұрады. Біздің үлкенді-кішілі қуаныштарымызға, жетістіктерімізге ылғи тілекші болып жүреді. Лебізін де аямайды. Бұл бізді әрине, қуантады. Және де қашан көрсеніз де орнықты, жұмсақ мінезімен, байсалды болмысымен, ойлы жанарымен, жып-жылы аурасымен баурап алады. Біз, әлбетте, қазақ деген ұлтты өміршең шығармалары арқылы жер-жаһанға танытқан Мұхтар Әуезовтей текті адамның ұрпағымен, өзі де тегін емес бірегей тұлғамен бір заманда өмір сүріп жатқанымызға мақтанамыз.

Мұратай

Иә, Мұрат Әуезов – жазушы Мұхтар Әуезовтің «Мұратай» деп еркелеткен сүйікті ұлы, абзал ана Фатима Ғабитованың сүткенжесі.

Мұхтар Әуезов баласына жазған хаттарының бірінде: «Мұратай! Айналайын, жақсы балам! Тілі тәтті, өзі тәтті Мұратайым! Сен мені сағындың ба, мен сені көп ойлап, көп сағынам. Қашан тағы көрер екем деп ойлаймын. Енді көргенде Мұратайым маған тағы қандай әндер айтып берер екен деп ойлаймын. Сен әнді жақсы айтушы едің. Осы күнде тіпті көп өлен, ертегі білетін болған шығарсың. Үйрене бер. Ең болмаса хәріптер үйрен. Тәгене айтып маған өзің де хат жаз. Жаздығүні мен саған велосипед өперем, алдамаймын, айналайын жаным. Ал бетіңнен, көзіңнен сүйдім. 04.II.48 ж.», – дейді.

Сол Мұратай алтыға толар шағында, жазушы әке өзінің басына төніп тұрған қатерге де, «халық жауының» әйелі ретінде Фатима Ғабитоваға үлкен шаһарда тұруға рұқсат етілмегеніне де қарамастан, Алматыдан шағын үй сатып алып, зайыбын балаларымен бірге Алматыға көшіріп әкеледі. Ол тұста қалада екі-ақ қазақ мектебі болған. №18 ұлдар мектебі және №12 қыздар мектебі. Сол кезеңде жұмсақ креслода отырған талай басшы «ұлтшыл» деген атқа ие болып қалмайын деген қорқынышпен балаларын қазақ мектебіне бермеген көрінеді. Ал әйгілі Әуезов «Мұратайымның тілі қазақша шықсын» деген әкелік аппақ ниетімен Мұратты томпадатып өзі қолынан жетектеп алып, сол білім ошағына әкеледі.

Жазушының сүйікті ұлының атын тікелей атамай, «Мұратайым» деуінің өзінде қаншама мейірім, өлшеусіз сүйіспеншілік жатқанын аңғармау мүмкін емес. Бұл жөнінде кейіпкеріміздің өзі де ерекше ілтипатпен баяндайды. Ол әкесінің де, анасының да шын мәніндегі педагогтар болғанын ылғи баса айтып жүреді. Бала Мұрат алғаш хат танып жүрген кезде анасы шұлық тоқып отырып, «Абай жолын» оқытатын көрінеді. Кішкентай Мұратайының салмағы үлкен романды мұрны пысылдай ежіктеп оқып отырғанын көргенде, әкесінің балаша мәз болатыны да әлі есінде.

«Иә, кішкентай кезімде әкеміз біздің қалыптасуымызға, тәрбиемізге ерекше мән беретін. Бауырым Ернар екеумізді театрға апарып, түрлі спектакльдерді көрсететін, сосын бізден оның мазмұнын, не түсінгенімізді сұрайтын. Қолы тиген күндері табиғатқа алып шығып, серуендетіп қайтатын. Ернардың бір дорба асығы бар-тын. Әкем арқардың құлжасын: «Мынау – сенің асығың», – деп маған беріп, асық үйреткен. Содан кейін спортпен шұғылдануыма көп көңіл бөлді. Бірде әкем Ернар екеумізді екі айға Қырғызстанға алып барды. Қырғыз ағайындар бізді Қордайдан күтіп алды. Әкем кезінде қырғыздың «Манас» эпосын қорғап қалған адамдардың бірі ғой. Сондықтан да қырғыздардың арасында ол кісінің абырой-беделі зор болды. Сол жолы біз Түгелбай Сыдықбеков, Әбдімомунов және атақты манасшы Саяқбай Қаралаевтың үйлерінде мейман болдық. Мен «Манасты» ұйып тыңдап отырып, әкемнің қасына келіп, құлағына «мен ана кісінің айтқандарын түсінемін» деп сыбырлағанымда, әкемнің балаша қуанған сәті көз алдымнан ешқашан кетер емес. Әйтеуір, әкем бізді білімді де мәдениетті азамат етуге тырысып бақты», – дейді Мұрат Мұхтарұлы естеліктерінде.

Иә, асқар таудай әкенің әрбір хаты балаға бағдаршам іспетті болғаны анық. Кейінірек Мәскеуден жіберіп тұрған түрлі кітаптары да балаң Мұраттың білім көкжиегінің кеңеюіне, сана биігінен көріне бастауына ықпал еткені сөзсіз. «Мұратай! Мен сені енді ержетті, есі кірді деп менің кітабымды оқытын, білетін кезі жетті деп «Абайды» жіберіп отырмын. 1958 ж. 28. XI». Ал бозбала Мұрат әкенің бұл жолдауын бар жан-тәнімен қабылдады. Бұл орайда кейіпкеріміздің: «Абай жолын» оқығанда, ол біреудің жазғаны емес, өзіңе өте жақын адамның жазғаны екенін жастайымнан ұғып өстім. Кітаптың өзі әкемізден басталған сияқты», – деп келетін естелігі де бар.

Бағдаршам

Мұрат Мұхтарұлы әкесінің өзіне мамандық таңдауда үлкен мән бергенін де жиі айтады. Мұрат алғашында астроном боламын деп жүреді де, емтихан тапсырар сәт таяғанда жанының гуманитарлық салаға жақын екенін, әдебиет, тарихты қалайтынын түсінеді. Сөйтіп, он алты жасында М.Ло-

ҰЛЫНЫҢ ҰЛЫ

Мұрат Мұхтарұлы Әуезов туралы замансөз



моносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Шығыс тілдері институтының Қытай филологиясы факультетіне оқуға түседі. Қытай тіліне келуіне де әкесі себепкер болған екен. «Қытайдың тілінде қазақтың тарихына байланысты көптеген деректер бар, соны үніліп зерделеу керек», – деген болатын Әуезов. «Көрегендігі ғой, ол кездегі осал Қытайдың болашақта іргелі елге айналатынын болжады. Жоспарлары мықты еді, бірақ мен оқуымды аяқтамай дүниеден кете барды. Әкемнің сенімінен шығуға барынша тырыстым», – деп жазады Мұрат Әуезов «Ділім» атты кітабында.

Ұлттық рух

Мұрат Мұхтарұлының жоғары оқуға түскен уақыты Кеңес Одағында жеке басқа табынушылық әлсіреп, жергілікті ұлттардың өз тарихы мен мәдениетін ұлықтауға бет бұра бастаған кезең болатын. Міне, дәл осы сәтте, яғни 1963 жылы Мәскеуде Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжан, Алтай Қадыржанов, Әнуар Сартбаев бастап, «Жас тұлпар» ұйымын құрады. «Ұстанған мақсатымыз – отаршылдық саясатқа қарсы шығып, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға үлес қосу. Ол кезде бұлайша атой салу – өзіңе-өзің қару кезенгенмен бірдей болатын. Қиналған кезде әкем түсіме енетін. Әкемнің бір жылы жымысы болатын. Түсіме сол қалпында енуші еді. Сол жымыған қалпы. Оның жүзінен: «Қамықпа, балам! Бәрі жақсы болады» деген рай байқайтынмын. Ылғи да солай. Әкем түсіме енсе, барлық шаруаларым дөңгеленіп жүре береді», – дегені бар Мұрат Мұхтарұлының естеліктерінде.

Жастұлпарлықтар үгіт-насихат бригадаларын құрып, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстарын, Тың өлкесін аралап, концерттер қойып, тақырыптық лекциялар ұйымдастырып, мәдени-ағартушылық жұмыстар атқарды. Сондай-ақ, Мәскеу, Ленинград қалаларының көптеген өңірінде де дәрістер оқып, өнер кештерін ұйымдастырды.

1969 жылы Мұрат Әуезов Мәскеуде Ғылым академиясының аспирантурасын бітіріп, «Қазақтың ұлттық ерекшеліктері» деген тақырыптағы диссертациясын қорғап, елге, Алматыға асыға оралады. Бірақ от болып жанып тұрған жас ғалымның ұлтшыл рухынан қауіптенген сол тұстағы Оқу-ағарту министрлігі оған: «Сізге студенттермен жұмыс істеуге рұқсат жоқ!» деп, оны жоғары оқу орындарынан аластайды. Міне, осы кезде оның тауының шағылмауы – әлгі рухтың арқасы. Мойыған жоқ, Қазақстан Ғылым академиясының Философия және құқық институтына жұмысқа тұрады. Тағы да сол жастұлпарлықтар жиналып, Алматыда зиялы орта құрады. Мұрат Әуезовтің басшылығымен олар көшпенділердің эстетикалық мұрасын жан-жақты зерттеп, мақалалар жинағын дайындайды. 1973 жылы Алматыда Азия және Африка елдері жазушыларының V конференциясы өтеді. Олжас Сүлейменов, Әнуар Әлімжанов, Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжан бастаған жастұлпарлықтар аталған құрлық жазушыларының 50-ден аса шығармасын қазақ тіліне аударып шығады. Бүгінгі таңда қазақ қоғамында тек екі тұлға ғана ұлттық руханияттың жолбасшысы бола алады. Олар – Мұрат Әуезов пен Олжас Сүлейменов дер едік. Бұл екі ой титанын өмірдің өзі қосып, тағдырлары ажырамас достықтың өнегесіне айналды, ал үлкен істерде, әсіресе, «Невада–Семей» антиядролық қозғалысы сияқты маңызды бағдарларда олар қашанда бірге, бір-біріне серік болып жүр.

Олай дейтініміз, 1989 жылдың ақпанында О.Сүлейменовтің басшылығымен «Невада–Семей» қозғалысы құрыл-

ды. Мұнда да М.Әуезов алдыңғы сапта тұрды. Курчатов қаласындағы полигон офицерлерінің алдында сөз сөйледі, Невада штатындағы әріптестермен байланыс орнатты.

«Қайда жүрсек те, өзімізбен пікірлес адамдарды таба білдік. Мысалы, осы Алматымызға оралғанда да өзімізге рухтас аға-іні буын өкілдерімен бірге жүрдік. Олардың әрқайсысы – ұлттық мәдениетіміз бен тарихымызда өшпес із қалдырған Асқар Сүлейменов, Мұқағали Мақатаев, Шәмші Қалдаяқов, Нұрғиса Тілендиев, Ақселеу Сейдімбеков, қаны, жаны қазақ Алан Медоев сияқты алып тұлғалар. Олармен бірге елден жырақта, орыстілді ортада жүріп, шорқақтанып, ақсай бастаған ана тілімізге оралып, оның небір маржандарымен барынша жақын таныса бастадық. Асқар Сүлейменовтің домбырасына әбден үйреніп алғанымыз соншалық, ешбір кездесуіміз домбырасыз өтпейтін болды. Қазақ музыкасының симметрологиясының негізін салған Болат Қарақұлов та, қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын, тіпті Моңғолияға дейін барып жинақтаған Болат Сарыбаев та біздің қатарымызда болды», – дейді кейіпкеріміз.

Жас тұлпар

Мұрат Әуезов Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор болып жұмыс істеп жүрген жылдары қазақтың кино өнеріне де тың серпіліс әкелді.

80-жылдардың аяғында Қазақстан Жазушылар одағында құрылған Көркем аударма және әдеби өзара байланыстар алқасын басқарған жылдары да тың идеяларымен көзге түсті. Сол жылдары әдеби шығармаларды орыс тілі арқылы емес, тікелей қазақ тіліне аудару жағына ден қойылып, оған арнайы аудармашылар дайындалды.

Мұрат Әуезовтің 1992 жылы Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы тұңғыш елшісі болып тағайындалуы да оның өмір жолындағы үлкен бетбұрыс болды. Сол кезеңде талай жыл-

дардан бері шешілмей келе жатқан Қытай мен Қазақстан шекарасы ресми түрде айқындалды. Сонымен қатар, Абай туындылары қытай тілінде «сөйлей» бастады.

Қытайдан оралған соң «Сорос–Қазақстан» қоғамдық қорының атқарушы директоры, ал 2002 жылдан Қор президенті қызметін атқарды. Қордың басшысы болған жылдары ол елімізде ғана емес, шетелдердегі қазақтардың әлеуметтік-мәдени даму үдерісіне зор үлес қосты. Түрлі мәдени экспедициялардың ұйытқысы болды. «Алатаудан – Атырауға» атты кітап керуенін өткізу барысында да жастұлпарлықтар тағы жарқ етті. Нәтижесінде Алтай, Моңғолия қазақтарына бес мыңнан аса көркем әдебиет, оқулықтар, ұлттық музыка аспаптары, ұнтаспалар жеткізілді.

Жастұлпарлықтардың тағы бір жарқын қолтаңбасы – «Мәдени мұра» бағдарламасы. Олар бұл бағытта ең бірінші кезекте еліміздің тарихи-мәдени процесін тұтас қозғалыстар тарихы ретінде қарастырды. Осы бағдарлама нәтижесінде бабаларымыздың даңқы жаңғырды.

Аманат

1961 жылы әкесі Мәскеу ауруханасында жатқанда жиі барып тұрды. Әке Мұхтар да соны қалайтын. Себебі, Алматыдағы қаламгерлерге, әдебиетші қауымға хат жазатын да, оларды көрсетілген мекенжай бойынша Алматыға жөнелтетін. «Сен емтихандарыңды бітірген соң, елге барасың. Мен туған жерді аралап, Қарауыл, Жидебай, Шыңғыстауды көріп келесің», – деді бірде. Сосын ұлына Семей жаққа барғанда көрген-білгенінің бәрін күнделік етіп жазып жүруін тапсырды. Ол кезде Мұхтар Әуезовке ядролық сынақтарға қатысты, елдің жағдайы ауыр екені туралы көптеген хат келетін көрінеді. «Соның бәрін көзбен көріп, қаламыңмен қағазға түсір, Ыстықкөлдің жағасында кездескенде оқып бересің» дейтін. «Әрине, оның басқа жолдармен де ақпарат алуға мүмкіндігі болды. Дегенмен, ол мені ел-жерді көрсін, білсін, санасына сіңсін деген екен. Біз мұны кейін түсіндік қой. Мені аманаттап, 25 маусым күні Көмен Оразалинге хат жазды. Бұл оның туған жеріне жазған хаты, қолына соңғы рет қалам ұстағаны екен. 26 маусым күні ешкімді кіргізбей, оны отаға дайындады. 27 маусым күні ота үстелінде 63 жасында қайтыс болды. Мен әкемнің операциясынан кейін Семейге барып келетін болдым да, ол сырқатынан жазылған соң Алматыға қайтып, одан кейін Шолпан-Атаға баратын болып келіскен болатынбыз. Бірақ ол аса сұпар жезеге аспай қалды. Мен әке аманатын 1963 жылы ғана орындадым», – дейді Мұрат Әуезов.

Содан бері арада қанша жыл өтсе де, Мұрат Әуезов әке ізін үзіп алмай, жалғап, аманатына әлі күнге адал болып келеді.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



ҚАЗАҚЫ ДӘСТҮР



«БАТАМЕНЕН ЕЛ КӨГЕРЕР...»

Күнтізбе бойынша жаңа жыл жақындаған сайын адамдар бір-бірінен сый-сияпат, ақ тілектер, жылы сөз күтеді. Өйткені, адам баласының жанын жылытатын, өмірге деген құштарлық сыйлайтын жақындарының ақжарма тілектері мен ата-ананың, үлкендердің батасы. Қазақта батадан артық тілек жоқ. Үлкендердің «Өркенің өссін», «Кұдай тілеуінді берсін», «Мың жаса» деген әдемі тілектері жастарға рух береді, ізгілікке тәрбиелейді.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Қазіргі заманның адамдары бір-бірімен жиі кездесуге, емен-жарқын араласуға уақыттары жете бермейді. Көбіне мерекелерде жанымызға жақын тартатын адамдарымызды смартфоньымыздан хабарлама, аудио, бейне-жазба арқылы құттықтап жатамыз. Бірақ адамның көңілі деген бір ауыз сөзге семіріп, бір жасап қалады емес пе? Сондықтан дайын картиналар мен бейнероликтер жібергеннен гөрі өз жүрегімізден шыққан шынайы тілектерімізді арнасақ, керемет емес пе? Өзгеге тілеген жақсы тілек, өзіңе де шапағатын тигізеді. Сондықтан өзіміз де мағыналы баталарды жаттап, балаларымызға да үйрете жүргеніміз абзал. Бұл дүниеде сөздің құдіретіндей құдірет жоқ. Қазақ халқы ежелден сөз қадірін білген, сөзге тоқтаған. Көргенді елдің ұрпағы үлкеннің батасын алуға талпынған.

Ақ бата – сөз өнерінің ең көне үлгісі. Бұл халықтың ақылы мен нақылдан туған парасатты ойларының жемісі. Белгілі этнограф Болат Бопайұлы батаға мынандай анықтама береді:

«Ақ бата адам рухын биікке көтереді, жарқын өмірге, келісті келешекке қарай жетелейді. Таза, адал тіршілік өткізуге жебейді. Істеген істің оң болуына үлкен ықпал жасайды. Болашаққа болған сенімін бекемдейді. Асқақ арман мұратқа талпындырады, жүрегің таза ұстауға тәрбиелейді. Айналасына мейірілі болуға баулиды, иманын сақтап, ибасын ақтап, кісілікті, кішпейіл, арлы азамат болудың даңғыл сара жолына салады. Көш бастаған көсемдеріміз, сөз бастаған шешендеріміз, батыл, батыр, бауандармыз, сұңғыла ақын-жыраулармыз, бұлбұл көмей әнші-күйші, биші, сал-серілеріміз, құралайды көзге атқан сұр мергендеріміз, шешімі шиі болған дауды дар айырған, басынған жауды қақ айырған би-шешендеріміз, бармағынан бал тамған өнерлі шеберлеріміздің бәрі балаларын ақ бата бақытына бөлеп өсіре жүріп, өздері де сол батаның бал сөзді бесігінен тәрбие алып өсті емес пе?!».

Бабаларымыз «Баталы құл арымас, бата-сыз құл жарымас», «Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді», «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген сөзді жайдан-жай айтпаған.

Этнографтың айтуынша, ақ бата беруші жас буын ұрпақтарға Отанын, халқын сүйуге, ел мен жерін қорғауға, ғылымды да ілімді, білімді де білікті, өнерлі де өнегелі, ибалы да иманды, арлы да ақылды, адамгершілікті де әдепті, мәдениетті де мәйекті, батыр да батыл, көсем де шешен, жетелі де жетілген нар азамат болуға баулитын өткір де шешен өлең сөз, терме сөз үлгісінде айтып, кереметтей өнеге көрсетеді. Бата сөзінің бір ғажабы – бата алған адам бата сөзін естіген жерден-ақ сергіп, жігерленіп, рухтанып, ұлыланып кетеді.

Бата тек ұрпақ тәрбиесіне ғана арналмаған. Батаның құдіреті сол, жетімді жебеп, жесірді сүйеп, әлсізге көмек көрсетіп, жылаганды уатып, қайғырғанды жұбатып, қисай-



ғанды түзеп, құлаганды тұрғызып, жазықсыз жаза көргендерді қорғап, қолұшын беріп қолдап отырады.

Қазақ дәстүрінде ақ сары бас қой сойғанда, көк қасқа тай шалғанда, атан өгіз атап, ақ түйе қарнын жарып, дүбірлі ұлан-асыр той жасағанда, екі жас бас қосып, некеге отырып той өткізгенде, балаға ат қойғанда, баланы бесікке салғанда, қыркынан шығарғанда, ат мінгізгенде, ақ дастархан жайғанда, ұл баланы сүндеттегенде, қыз баланың құлағына сырға такқанда, құда түскенде, алыс сапарға шыққанда, қан майданға аттанғанда, жолаушы жүргенде, отау бөлгенде, енші бергенде, жұрт жаңалағанда, қоныс аударғанда, аты бәйгеден келгенде, соғым сойғанда, ту бие шалғанда өмірдегі бар қуанышты, сүйіншілі істердің бәрінде ақ бата алудан, ақ бата беру дәстүрінен бастайды.

ҮЗДІК БАТАЛАР
ҮЛГІСІ

ЖАҢА ЖЫЛҒА БАТА

Жаңа жылың құтты болсын,
Денсаулығың мықты болсын!
Жүрегіңіз жсалын болсын,
Тілегіміз қабыл болсын!
Кұдай берсін, кем қылмасын,
Дастарханың мол болсын,
Абыройың зор болсын.
Отбасының байлығын берсін,
Деніміздің саулығын берсін.
Көңіліміз тоқ болсын,
Уайым-қайғы жоқ болсын.
Отырғандарың тақ болсын,
Шаңыраққа бақ қонсын!

ТӨЛЕ БИ БАБАМЫЗДЫҢ
ҚОЙГЕЛДІ БАТЫРҒА БАТАСЫ

Жүрген жерің жаз болсын,
Айдыныңа қаз қонсын.

Ұйқың-күлкің аз болсын,
Мерейің мақтанып,
Елің-жұртың мәз болсын.
Жая берген жапырақ,
Атсын таңың жарқырап.
Әумин!

ШАҢЫРАҚҚА БАТА

Уа, құтты отаудың иесі,
Қолдасын тәңір киесі.
Инабатың жақсылыққа бастасын,
Пейілің жамандыққа баспасын.
Ошағыңның оты сөнбесін,
Арың мен жаның арамдыққа көнбесін,
Босаған әрқашан берік болсын,
Қосағың әрдайым жерік болсын.

Ата-ананың қадірін біл,
Әмірдің әділін біл.
Өнегеді қызық ет, ақылыңды азық ет.
Сағың еш сынбасын,
Бағың тек нұрлансын.
Ой-пікірің көсем болсын,
Айтар сөзің шешен болсын.
Әумин!

ДАСТАРХАНҒА
БЕРІЛЕТІН БАТА

Дастарханың мол болсын,
Абыройың зор болсын.
Сабаң толсын қымызға,
Шараң толсын уызға.
Өріміңе мал толсын,
Ақ тілеуің жар болсын.
Өрендерің ер болсын.
Әумин!

ҰЛ БАЛАҒА БАТА

Жақсы-жаманды көріп бақ,
Бар мен жоққа көніп бақ,
Жиынды топқа түскенде,
Жүйрігің баптаулы болсын,
Жортуыл жорық жолықса,
Найзаң саптаулы болсын.
Нөкерің сақтаулы болсын.
Дастарханың тоқ болсын,
Уайым-қайғы жоқ болсын.
Бақыт пен дәулет, бас пен мал,
Басыңа мәңгі орнасын.
Төрт құбылаң сай болсын,
Саған қастық ойлаған,
Ғұмырыңда оңбасын.
Ақылды бол, арлы бол,
Бақытты бол, малды бол.
Қатарыңның алды бол!
Әумин!

ҚЫЗҒА БАТА

Талдай бой берсін,
Сұңғыла ой берсін.
Жаздай жамал берсін,
Қардай жанар берсін.
Анаға шуақ болсын,
Ағаға қуат болсын.
Нәзік жаны болсын,
Елдің ары болсын,
Басыңа өнердің бағы қонсын,
Ақ орданың шамы болсын.
Әумин!

КӨПШІЛІККЕ
БЕРІЛЕТІН БАТА

Уа, ұлы құдірет, тілегімді қабыл ет.
Халқымды даласымен сақта,
Елімді данасымен сақта,
Азаматты санасымен сақта,
Сәбиді анасымен сақта,
Биені тайымен сақта,
Қатынды байымен сақта.
Жаманның наласынан сақта,
Пәлекордың жаласынан сақта,
Ақыр заман тауқыметінен сақта
Душпанның табасынан сақта,
Сайқалдың қаласынан сақта,
Өмір бойы жазылмайтын,
Жүректің жарасынан сақта.
Шерменде болған науқастан сақта,
Жоқшылық, таршылықтан сақта,
Аланың қаһарынан сақта.
Ұрпақтың азғынынан сақта,
Қыздың ұятсызынан сақта.
Жер көшкен зілаладан сақта,
Тау көшірген топан судан сақта.
Патшаның кәрінен сақта,
У тілдің зәрінен сақта.
Халқымның басынан бағын алма,
Ұлыларымың аяғынан шалма,
Уә, ұлы құдірет, тілегімді қабыл ет,
Аллаһу әкбар!

Этнограф-ғалымдардың айтуынша, «бата» сөзінің төркіні – Құран Кәрімнің бірінші сүресі «Фатиханың» атауынан туған. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде ең күшті дұға «Фатиха» сүресі дейді. «Фатиханың» өте көп қасиеттері бар. «Бата – Құранның анасы, сөздің сарасы» деп түйеді. Демек, бата дегеніміз – ислам дініндегі дұға. Себебі, халқымыз да бата жасағанда міндетті түрде екі қолын жайып, аяқтағанда «әумин» деп бет сипайды. Ал бұл – Пайғамбар сүннеті арқылы келген жақсы дәстүр.



ПОЛИЦИЯ

АШЫЛМАЙТЫН ҚЫЛМЫС БОЛМАЙДЫ

2022 жыл еліміз үшін тарихи оқиғаларға толы болды. Әрине, соның ішінде жылдың басындағы қаңтар оқиғасы қазақ үшін үлкен қасірет болғаны жасырын емес. «Бір жаманшылықтың бір жақсылығы бар» деген сөз бекер айтылмағанының дәлелі – қаңтардағы оқиғадан кейін еліміздің жарқын болашағына деген алғашқы қадамдар жасалып, бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әділ әрі құқықтық мемлекет құру бастамасының аясында атқарылып жатқан жұмыстар ұшан-теңіз.



Еліміздің ішкі істер органдарында 2019 жылдың басынан бастап кен көлемді реформа басталып, оның ішінде Ішкі істер министрлігіне қарасты ведомстволық білім беру жүйесін жаңғырту жұмыстары қолға алынған болатын. Аталған реформа аясында министрлікке қарасты 6 оқу орталығы қысқартылып, полиция қызметкерлерін даярлау Алматы, Қарағанды және Қостанай академиялары, Ақтөбе заң институты мен Шымкент оқу орталығында жүзеге асырыла бастады. Соның ішінде Қазақстанда алғаш рет 1956 жылы құрылған Алматы академиясы қазір мол тарихы мен өзіндік қалыптасқан дәстүрі бар іргелі оқу орны. Академия өзінің 65 жылдық тарихында Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары үшін кадрлар даярлауда үлкен тәжірибе жинақтады.

Полиция қызметкерлерін еліміздегі заңгерлік білім беретін оқу орындарынан алып, ары қарай мамандандырылған курстарда даярлау үшін, атап айтқанда, криминалистер, тергеушілер және жедел қызметкерлер үшін 6 айлық оқу курстары ашылды. Жаңа оқу форматы барысында заманауи интерактивтік әдістер мен оқыту нысандарына ерекше көңіл бөлініп, оқыту негізінен практикалық сабақтарға негізделді.

Мемлекет басшысының ішкі істер органдарындағы жұмысты цифрландыру, ішкі рәсімдерді, соның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету саласын оңтайландыру жөніндегі тапсырмасын орындауда Алматы академиясы белсенділік танытып келеді. Бүкіл әлемді тығырыққа тіреп отырған киберқылмыстардың алдын алуда, ашуда осы саланы жақсы меңгерген мамандар ішкі істер органдарына ауадай қажет екенін ескеріп, биыл Алматы

академиясы алғаш рет 42 IT маманын даярлап шығарды. Ақпараттық жүйелер мен радиотехника, электроника және телекоммуникация бойынша білім беру бағдарламасын аяқтаған курсанттар бүгінде еліміздің ішкі істер органдарында қызмет атқаруда.

Елімізде интернет пен телефон алаяқтығының жылдан-жылға жоғары жылдамдықпен артып келе жатқаны бәрімізді алаңдатууда. Яғни «айшылық алыс жерлерде» отырып алып, телефон арқылы қомақты ақша жасағысы келетіндер көбейіп барады. Ондай алаяқтар бізді ешкім таппайды деп, ойына келгенін істегісі келетін секілді. Осындай қылмыстарды ашу мақсатында 2022 жылы Алматы академиясында киберзертхана ашылып, интернет желісінде жасалатын қылмыс пен басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алатын ресурстарды қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар енгізілді. Нәтижесі де жоқ емес.

Әлемдік тәжірибеде құқық қорғау органдарын реформалаудың негізгі шарттарының бірі – басқарушы кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлаудың тиімді жүйесін құру болса, ішкі істер органдарын жаңғырту бойынша Жол картасының басым бағыттарының бірі – басшы құрамның дайындық деңгейін арттыру. Осыған орай ведомстволық оқу орындары жүйесін жаңғырту барысында Алматы академиясы енді ішкі істер органдарының басшы құрамын (департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің басшылары, олардың орынбасарлары) даярлауға қайта бағдарланып, 2020 жылы ПО-ның басшылық құрамын даярлау факультеті (№1 факультеті) құрылды. Факультет ашуда Алматы академиясы Ұлыбританияның тәжіри-

«Айшылық алыс жерлерде» отырып алып, телефон арқылы қомақты ақша жасағысы келетіндер көбейіп барады. Ондай алаяқтар бізді ешкім таппайды деп, ойына келгенін істегісі келетін секілді. Осындай қылмыстарды ашу мақсатында биыл Алматы академиясында киберзертхана ашылып, интернет желісінде жасалатын қылмыс пен басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алатын ресурстарды қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар енгізілді.

бесін қолданды. Онда Лондонның бас комиссары лауазымына үміткерді тағайындамас бұрын, үміткер міндетті түрде үш айлық жоғары командалық оқудан өтуі тиіс. Ал №2 факультеті орта буын басшыларын даярлауға бағытталған. Яғни қалалық және аудандық полиция басқармаларының басшыларын, полиция департаменттері басқармаларының және ІІМ орталық аппаратының басшыларын даярлайды.

Цифрландыру негізінде атқарылған жұмыстардың бірі 2022 жылы аталған академияда заман талабына сай цифрлық кітапхана ашылды. Полиция қызметкерлерінің кітапханаға баруға үнемі мүмкіндіктері бола бермейді. Енді олар кітаптардың электронды нұсқасында танысып, керекті мәліметтерді ала алады. Сондай-ақ, ІІМ Алматы академиясындағы биылғы айтулы оқиға – Қазақстанда тұңғыш рет көне Қазақ мемлекеті көрсетілген Карта галереясының ашылуы болды. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің Заманауи зерттеулер институтының директоры, 15 жылдан астам уақытын дүние жүзінен Қазақ мемлекетін көрсететін көне карталарды іздеуге арнаған Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың «Қазақстанның тарих толқынындағы үздіксіз мемлекеттілігі. XVI–XIX ғасырлардағы еуропалық және американдық карталардағы Қазақ мемлекеті. Атлас» картасының галереясы Қазақстан бойынша бірінші болып осы академия қабырғасында ашылды.

БӘРЕКЕЛДІ!



Балалар қуанышқа бөленді

Қазақстан халқының қауіпсіздігі – білікті де білімді полиция қызметкерлерінің қолында. Полиция қызметкерлері қылмыспен күресте «алдыңғы шепте» үнемі өз бастарын қатерге тігіп жүреді.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері 800-ден астам полиция қызметкері қаза тапса, 4500-ден астамы жарақат алған. Қаза тапқандардың арасында біз жоғарыда сөз еткен М.Есболатов атындағы Алматы академиясының түлектері де бар. Биыл қызмет бабында қаза тапқан академия түлектеріне арналған ескерткіш ашылып, мемориалды ескерткіштің тас тұғырына 32 полиция қызметкерінің есімі қашалып, ескерткіштің екі қанатына олардың суреттері қойылды. Олар – өмірлерінің соңына дейін Отан алдында қабылдаған анттарына адалдық танытқан бейбіт күннің батырлары.

Кеше қызмет бабында қаза тапқан алматылық полицейлердің балаларына жаңажылдық мереке ұйымдастырылды. Дәлірек айтсақ, Н.САЦ атындағы театр директоры Олег Гостев «Ертегілер әліпбиі» атты жаңа жылдық қойылымға 80 билет ұсынған болатын. Ертегідегі қойылым, ондағы түрлі кейіпкерлер жақсылыққа құмар, жалпы жақсылық атаулыға риясыз сенетін өрендерді бірден баурап алды.

Кішкентай көрермендер көздің жауын ала безендірілген биік шыршаны айнала би биледі, ән салды. Түрлі ойындар ойнады. Жаңажылдық қойылымды тамашалап болған соң балалардың уысы тәттіге толды және сыйлықтар алды.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Мешітте ұрлық жасап келген

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ. Полицейлер мешітте жасалған 7 ұрлықтың бетін ашты.

«Жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында 29 және 34 жастағы жұмыссыз ер адамдар ұсталды. К.есімді азаматтың 5 қылмысқа қатысы бары дәлелденді, оның «ариптесі» – Е. болса, екі заңсыз әрекетке барған. Екі айыпталушы да шаһардың ірі мешіттерінің бірінде бірнеше ұрлық жасаған. Зардап шеккендердің айтуынша, олар намаз кезінде телефондарын аяқтарының астына еденге қойған. Намаздан кейін олар жер сипап қалған, яғни телефондарын жоғалтқанын байқаған. Ұсталғандар ұрлыққа қатысы барын жоққа шығармайды, олар өз кінәларын мойындап, істеріне істеріне өкінді. Қылмыстық іс ҚР ҚК-нің 188-бабы бойынша тіркелді. Күдіктілердің қаланың басқа да аудандарында жасалған осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғын тексерудеміз. Қазіргі уақытта қажетті тергеу амалдары жүргізілуде», – деді Бостандық аудандық полиция басқармасының басшысы, полиция полковнигі Мақсат Қанапияев.

Фитнес-клубтарды жағалаған

АЛМАЛЫ АУДАНЫ. Ер адам фитнес-клубтың бірінен 12 мың еуро ұрлап кеткен. Мұндай әккілікті 32 жастағы Ю. есімді азамат жүзеге асырған.

Ол басқа жақтан келген. Алматыда пәтер жалдап, тұрғылықты жерін үнемі ауыстырып тұрған.

«Ол тек фитнес-клубтарда ұрлық жасап жүрген. Жаттығу залдарына клиенттің атын жамылып келіп, жалаған жеке деректер бойынша бір реттік жаттығуға жазылып, жаттығу залында жарты сағаттан артық болмай, кейін киім ауыстыратын бөлмеге қарай кеткен. Ол жерде келушілердің жеке заттарынан сөрелің кілтін тауып алып, оларды ашып, өзімен бірге бөтеннің ақшасын, ұялы телефондары мен зергерлік бұйымдарын алып кеткен. Күдікті қамауға алынды. Ол қамауда отыр. Сотқа дейінгі тергеудің осы кезеңінде қаскөйдің осыған ұқсас 10 ұрлыққа қатысы бар екендігі анықталды. Біз басқа да ықтимал эпизодтарды жоққа шығармаймыз. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда», – дейді Алмалы аудандық полиция басқармасының басшысы, полиция полковнигі Есен Ысқаков.

Айтпақшы, Ю.-дың бұрын мүлктік қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны белгілі болды.

Қыздар да қалтаға түскен

МЕДЕУ АУДАНЫ. Полиция қызметкерлері жеңіл жолмен ақша тауып жүргендерді ұстады. Олар бұрын сотталғандар болып шықты. «Ауданымыздағы базарлардың бірінде қалта ұрлығын жасаған 1994 жылы туған Ф. есімді азаматша және 1997 жылы Б. есімді азаматша ұсталды. Олар жас қыздың қалтасынан 13-ші үлгідегі «Айфон» маркалы ұялы телефонның қолды еткен. Жедел-ізвестіру іс-шараларының нәтижесінде күдіктілер ұсталды. Тергеудің осы кезеңінде олардың осыған ұқсас тағы екі рет ұрлық жасағанын бегілі болды. Қазіргі уақытта күдіктілердің қаланың басқа да аудандарында осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы тексерілуде. Осы орайда, қаланың бейнебақылау жүйелерінің мүмкіндіктері пайдаланылуда», – дейді Медеу аудандық полиция басқармасының басшысы, полиция полковнигі Илияс Өмірсеріков.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

МАМАН ПІКІРІ



Айдар САЙТБЕКОВ, ІІМ Алматы академиясының басшысы, полиция полковнигі:

– Ведомстволық оқу орындарына жүргізілген реформа барысында уақыт сынымен айқындалған тәжірибелер де сарапқа салынды десе болады. Мысалы, ішкі істер органдарына азаматтық жоғары оқу

орындары заң факультеттерінің түлектерін қабылдау ішкі істер органдарына үміткерлер іріктеу сапасына кері әсерін тигізуде. Атап айтқанда, білім беру сапасы күмәнді жекеменшік жоғары оқу орындарының түлектерін ішкі істер органдарына қабылдау кадр сапасына кері әсер ететіні сөзсіз. Мысалы, үміткерлердің көпшілігі Қазақстандағы мемлекеттік қызметті реттейтін заңнамалық базаны білмегендіктен, іріктеудің бастапқы кезеңінде-ақ сынақтан сүрінсе, үміткерлердің басым бөлігі денсаулық жағдайының әлсіздігінен іріктеуден өте алмайды. Осыны ескеріп, 2023 жылдан бастап бакалавриат бағдарламалары бойынша біз 300 курсант қабылдаймыз. Қойылатын талап – үміткерлердің білімі ортадан төмен болмауы тиіс және физикалық жағынан жақсы дамыған болуы керек.



ШЕРУ

АЛМАТЫНЫҢ «АЯЗ АТАЛАРЫ»

қала көшелеріне шығып, ересектер мен балаларға нағыз жаңажылдық тосын сый жасады



Негізгі іс-шаралар төрт жерде – мемлекеттік Цирк ғимаратының алдында, Абай атындағы алаңда, «Астана» алаңында және Тұңғыш Президент саябағында өтті.

70-ке жуық Аяз ата қала көшелерінде өздеріне ән айтып, өнер көрсеткен балаларға да, ересектерге де тәттілер мен сыйлықтар таратты. Аяз аталардың өздері де ән айтып, би билеп, түрлі интерактивтер өткізді.

Алматыдағы ең ірі Аяз аталар шеруі 2015 жылы болған еді. Сол кезде мыңдаған алматылық, жастар мен балалар, ерлер мен қыздар да Аяз ата, Ақшақар болып киініп, қала көшелерінде шеру жасаған болатын.

Әлемде Аяз аталар мен Санта-клаустар шеруі 1905 жылдан бері өтеді. Бұл – мерекелік көңіл күй сыйлайтын, жаңа жылдың жақындағанын сезіндіретін, ертегіге сендіретін ғажайап дәстүр. Қазақстан да осы дәстүрді белсенді түрде қолдайды. Аяз аталар шеруі Алматыдан басқа Шымкент, Қарағанды қалаларында өткізілді.

Айнұр НҰРСАБЕТ.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ҒАЖАП ӘЛЕМ!

Алматыдағы жаңажылдық безендірулер қала тұрғындарына мерекелік көңіл күй сыйлауда

Екі жылдық карантиндік шектеулерден кейін, жаңажылдық атмосфераны жандандыру мақсатында Алматы билігі қаланы ерекше күйдегі жылы түстермен безендірді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

